



«ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ БАСЫМ  
БАҒЫТТАРЫ»

халықаралық ғылыми конференцияның

**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

27-28 қазан 2020

---

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference

«PRIORITY DIRECTIONS OF SCIENCE AND EDUCATION  
DEVELOPMENT»

27-28 October 2020

---

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

международной научной конференции

«ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ  
НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ»

29-30 сентябрь 2020

Шымкент, 2020

ӘОЖ 001.8  
КБЖ 72(063)  
Ғ 96

**Редакция алқасы:**

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

**Редакционная коллегия:**

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

**Editorial team:**

A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Ғ 96 Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары: халықаралық ғылыми конф. мат. = Приоритетные направления развития науки и образования: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceeding sinternational scientific conference: Priority directions of science and education development. – Шымкент: «Bilim Innovations Group» орталығы, 2020. – 183 б.

ISBN 978-601-08-0102-8

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education.

ӘОЖ 001.8  
КБЖ 72(063)

ISBN 978-601-08-0102-8

© «Bilim Innovations Group» орталығы, 2020  
© Center «Bilim Innovations Group» 2020

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР**

**ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

**HUMANITIES**

**ҒТАМР 02.11.91**

## **ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**М.Ш. Шуршитбай**

*PhD-докторант, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ.*

Мақала бүгінгі таңдағы қоғамдық сананы жағыртудағы Абай философиясының рөлі, адами құндылықтардың маңыздылығы туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** Абай, қоғамдық сана, жаңғыру, адамгершілік.

Бүгінде әлем бойынша қарқынмен дамып жатқан өркениет, экономикалық бәсекелестік, инновациялық процестер адамзаттың санасына жан-жақты ықпал етуде. ХХІ-ғасырды адамзаттың технологияға тәуелді ғасыры десек болады. Ғылым күн санап дамуда. Бұл құбылыс даму үрдісі екені даусыз. Сол себептен әрбір мемлекет қатардан қалмай, әлемдік бәсекелестікке төтеп берудің жолдарын іздеуде. Ол жол, бүгінгі таңда жаңа технологиялардың көмегімен ғана іске аспақ. Жаңа технологияның дауымен бірге күнделікті қажеттіліктер өзгеруде, атап айтсақ: адами қарым-қатынас, рухани-мәдени байланыс, дәстүрлі құндылықтар осылардың орынын әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктер алмастыруда. Осы орайда, қоғамда көптеген мәселелер туындауда. Ол адами, адамгершілік құндылықтардың төмендеуі сияқты. Елбасының өзі дабыл қағып 2017 жылғы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақалалық бағдарламасын ұсынды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты қоғамдық сананы жаңғырту. Қоғамдық сананы жаңғыртуды айтпас бұрын қағамдық сана дегеніміз не соған тоқталсақ. Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәліметке сүйенсек «Қоғамдық сана – қоғамның рухани өмірінің, адам ойында шындықтың бейнеленуінің барлық түрлерін қамтитын философиялық категория; әртүрлі әлеуметтік қауымдастықтардың өмір сүруі процесінде пайда болатын адамдардың әлемге және өздеріне деген қатынастарының рухани тәсілдерінің жүйесі» [1]. Яғни қоғамдағы барлық процестер десек те болады. Ал, қоғамды құрайтын ол – жеке адам. Еліміздің болашағы үшін, жас ұрпақтарымыздың бәсекеге қабілетті әрі адами, адамгершілік, ұлттық құндылықтарды қадірлейтін тұлға ретінде қалыптасуы маңызды. Ұлттық құндылықтарымызды рухани қазыналарымызды ұлықтау және мәні мен мағанасын ұрпақ бойына сіңіру қажеттілік. Сонымен бірге адамдардың

қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын өзгерту заман талабы. Адамгершілік, рухани құндылықтарды, жаңғырту. Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу [2].

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарих тәжірибемен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауы тиіс. Керісінше, заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» – деді. Бағдарламалық мақаланың бірінші тарауы: «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» – деп аталады. Онда 1. Бәсекелік қабілет. 2. Прагматизм. 3. Ұлттық бірегейлікті сақтау. 4. Білімнің салтанат құруы. 5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. 6. Сананың ашықтығы атты бірнеше бағыты көрсетілді. Осы бағыттарды игеру адамға және адамзаттың әлемдегі алатын орынына бағытталған. Осы орайда «Адам» «Адамзат» деген сөзге тоқталатын болсақ оған бір сізбен анықтама беріп сипаттама жасау мүмкін емес деп ойлаймыз. Бірақта осы уақытқа дейін әртүрлі ғылым саласының өкілдері Адамды жан-жақты зерттеп тануға ұмтылыс жасағаны анық.

Адам – Жер бетіндегі ең жоғарғы даму сатысындағы тіршілік иесі, қоғамдық-тарихи әрекет пен мәдениетті жасаушы. Адам – философия, әлеуметтану, психология, физиология, педагогика, медицина, т.б. ғылымдардың нысаны болып табылады. Адам мәселесі, оның пайда болуы, өмірде алатын орны, тіршілігінің мәні мен мақсаты адамзат танымының формалары – әпсаналардағы (мифологиядағы), діндегі, философиядағы, ғылымдағы ең негізгі мәселе. Бұл жөніндегі әңгімелер ертедегі Стоя қаласының ойшылдары Сенека, т.б. мен Сократтан басталады. Протагор: «адам – заттардың өлшемі», Сократ: «өзіңді өзің танып біл». Ежелгі Үнді, Қытай, Грек философиясында адам әлемнің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Демокрит түсіндірмесінде адам микрокосм, «кіші әлем», ол сондай-ақ түпнегіздерден құралады; адам денесі мен рухы ақиқаттың екі аспектісі немесе екі ерекше түпкізаты. Антикалық философия үшін Аристотель адамды қоғамдық өмірге икемді тіршілік, рух, парасат иесі ретінде тану анықтаушы фактор болды. Ортағасырлық шығыс өкілдері де Әбу Насыр әл-Фараби, т.б. діннің ықпалы күшейіп тұрғандығына қарамастан, Аристотельдің осы түсінігін ары қарай жалғастырды. Қайта өркендеу дәуірінде адам құдайдан дарыған еріктілік күші арқасында өз өмірі мен тағдырының негізін қалаушы және табиғаттың шектеусіз билеушісі ретінде танылды, сондықтан шебер жаратушының бейнесі Ренессанс символына айналды. XVII ғасыр мен XVIII ғасыр рационалистерінің ұғынуында нақ сол парасат, ақыл-ой адамның түпкізаты, өзіне тән ерекшелігі ретінде қарастырылады. Неміс классикалық философиясы үшін адам мәдениеттің жаратушысы, рухани іс-әрекет субъектісі және

жалпы идеалдық бастау, яғни рух, парасат иесі. XIX–XX ғасырлардағы постклассикалық философия Фридрих Ницше, Артур Шопенгауэр, Серен Кьеркегор және т.б. сезім, мықтылық және т.б. адамдық ақылдан шет қабілеттерге бет бұрады. Қазіргі философия адам тіршілігінің мәнін оның саналы қызметімен байланыстырады. Бұл қызметтің барысында адам тарихтың әрі алғышарты әрі жемісі болып шығады. Адамның әлеуметтік мәніне назар аудара отырып, қазіргі философия сонымен бірге әлеуметтік және биологиялық факторлардың өзара күрделі әсерін, әлеуметтік факторлардың басымдылығын ескереді. Әйтсе де «табиғи түрде» әрекет ететін биологиялық факторлардың зор маңызы бар екендігін де ұмытпау қажет. Болашақтағы адам парасатты, иманды, елгезек те қарекетшіл, сонымен бірге сұлулықтан ләззат ала білетін, рухани кемел, жан-жақты дамыған тұлға. Ол қоғамдық тірлікте қайталанбас бітім, бірегей тұлға ретіндегі өзіндік «менімен» танылатын болады деп сенді. Адам жерде шамамен осыдан 2 – 3 млн. жыл бұрын пайда болды [3].

Кейінгі кезде кейбір ғалымдар Абайдың «толық адам» іліміне ерекше көңіл бөле бастады. Баспасөз беттерінде бұл туралы түрлі ойлар айтылып жүр. Мысалы, абайтанушы Мекемтас Мырзахметов «Бүкіл оқу орындарындағы тәлім-тәрбие беретін оқулықтар Абайдың «Толық адам» ілімі негізінде қайта жазылуы тиісті. Бұл рухани қажеттілік» – дейді [4].

Абайдың «толық адам» туралы тұжырымдамасы да жоғарыда аталған ғалымдардың яғни Сократтан басталатын Платон, Аристотельдегі «сүюді сүйеніш еткен адам», Қытайлардың дао іліміндегі «әбден жетілген адам», Шығыс ойшылдары мен суфизмдегі «пенделіктің кәмалаттығына ұмтылған адам», атап айтар болсақ, Әл-Фарабидегі «Кемел адам», Ж.Баласағұнның дастанында көрініс тапқан «Жауанмәрттілік» ілімі және А.Ясауи дүниетанымындағы «дертті адам», «топырақ адам», «ғарип адам» секілді тұлғаларымен сабақтасып жатқан секілді. Көне қытай ойшылдары адамның адамдық қасиетін сыртқы көрінісінен іздейді. Ұлы ойшыл Конфуцийдің пікірінше адам үш түрлі болады: Дана адам – асып таспайды, Жақсы адам – күй талғамайды, Батыл адам – қорықпайды, – дейді. Сонымен қатар қытай жұртының ғұламасы, дао ілімінің негізін қалаушы Чжан – Цзы: өзінің арғы тегінен ажырамайтын адамды «Аспан адамы», рухани бастауынан бөлінбеген адамды «Қасиетті адам », шындықтан бөлінбеген адамды «Кемел адамға» жатқызған екен. Тағы да осы шығыс ғұламаларының даналық өсиеттерінде:

1. Ештеңе білмейтін, бірақ, ештеңе білмейтінін түсінбеген адам – ақымақ. Оны айналып өт.

2. Ештеңе білмейтін, бірақ, өзінің білмейтінін түсінген адам – шәкірт. Оған ілім үйрет.

3. Барлығын білетін, бірақ, білгенін іске асырмайтын адам – ұйқыдағы жан. Оны оят.

4. Барлығын білетін, білгенін іске асыратын адам – данышпан. Оны ұстаз тұт-деген кемел ойлар айтылады [5].

Абай адамдықтың биік деңгейін иманмен өлшеген. Өзінің қара сөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп, кесіп айтқан. Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986 ж.) өлеңінен бастау алып, ақынның «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде.

«XXI ғасырдағы Бәсекелік қабілет туралы Абай өз заманында айтып кеткен десек болады.

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,  
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.  
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.  
Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,  
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.  
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,  
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?  
Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,  
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.  
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,

Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме», – деген өлең жолдарында айқын көрініс табады. Сонымен қоса Абайдың әрбір қара сөзін алсақ адам баласын адам болуға жәй адам емес толық адам тұжырымдамасына жетуге шақырады.

Абайдың пікірінше, ішкі рухани қазынамыздың молығуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Абайдың дүние танымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Сондықтан да Абай «Он тоғызыншы сөзінде»: Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», - деп жоғарыдағы өлең үзіндісіндегі ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады.

Қоғамдық санаға сынмен қарауда Абай алдыменен ұлттың тағдырына да ара түскен:

Болыс болдым мінекей,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде қом, атта жал,  
Қалмады елге тығындап.

Сүйтсе-дағы елімді,  
Ұстай алмадым мығымдап.  
Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап.

Абайдың бұл өлеңінде сол уақыттағы қазақ қоғамында орын ала бастаған мансапқорлық психология анық суреттелген. Билікке ұмтылу, жақсы өмірге күштарлық адамның табиғатында бар нәрсе. Бірақ, бұл қашанда ақылға бағынуы тиіс, ақыл адамның мінезін реттеуші негіз. Адамның билікке деген күштарлығының ақылға бағынуы салдарынан жауапкершілік күшейеді. Жауапкершілік адамнан көркем мінезді, адалдықты, тәжірибені, шынайы білім мен іскерлікті қажет етеді. Осының барлығын ескеріп, иеленгенде ғана адам, қоғамына басшылық жүргізуі қажет. Бұны реттейтін уақыт, уақыттың талабы. Уақыттың талабы дегеніміз бұл ғасырдың жаңалығы, адамзат әлемінде пайда болып жататын жаңа дүниелер. Соны білген, толық меңгерген, қоғамын уақыттың талабына икемдейтін, икемдеуге ұмтылатын адам шын мәнінде қоғамды алға жетелеуші тұлғаға айналып отырады.

Мемлекеттің болашағын ойлаған адамға маңызды нәрсе ол ұлттың тағдыры. Ұлттың тағдырын шешетін нәрсе оның құндылықтары, құндылықтарын сақтай алмаса ұлт қанша мықты болғанымен ұзақ өмір сүре алмайды. Сондықтан, қай уақытта болмасын елдің күштілігі, мәдениеттілігі мен өркениеттілігі құндылықтарды ақыл таразысына салып, ұлттық мүддені қорғаудан, оның өмірін жалғайтын дүниелерді ойлап табудан (қалыптастырудан) басталады.

Кез – келген мейілі ірі немесе кіші ұлт болсын өзінің ұлттық құндылықтарын, ұлттық кодын және рухани бай мұраларын көзінің қарашығындай қорғап сақтауға ат салысып күреседі. Себебі ұлттың ұлт болып өмір сүруі жоғарыда айтылған құндылықтармен тікелей байланысты.

Ендеше замана көші қанша тез алға жылжыса да біз, жаңаны меңгере жүріп ескі яғни бабалар сөзімен бабалардан жалғасқан ұлттық құндылықтарымызды дамыта отырып өз өмірімізде қолдануымыз қажет деп есептеймін.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

- 1 <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 2 [https://www.inform.kz/kz/ruhani-zhangyru-bagdarlamasy-kalay-zhuzege-asyrylyp-zhatyr\\_a3609303](https://www.inform.kz/kz/ruhani-zhangyru-bagdarlamasy-kalay-zhuzege-asyrylyp-zhatyr_a3609303)
- 3 Қайратұлы Б., Факир Т. Адам және заман. [www.namys.kz](http://www.namys.kz) – 06.06.2011.



4 [https://adebiportal.kz/kz/news/view/abai\\_tolik\\_adam\\_turali\\_22874](https://adebiportal.kz/kz/news/view/abai_tolik_adam_turali_22874).

5 Болатбеккызы А. Абай шығармаларындағы «толық адам» мәселесі // Молодой ученый. – 2015. – №8.1. – С. 53-55. – URL <https://moluch.ru/archive/88/17589/>

**FTAMP 14.35.09**

## **ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ – ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ МЕН БІРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ**

**С.К. Молдашева**

*Оқытушы, магистр, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.*

Әлемдік саяси-экономикалық кеңістікте жаңа қалыптасып келе жатқан ел үшін патриотизм идеясының, отансүйгіштік сана-сезімінің сана-сезімінің қалыптасуы аса маңызды мемлекеттік деңгейдегі міндет болып табылады. Сондықтан патриотизм идеясы тек қана жастар емес, бүкіл қоғам үшін мәні мен мазмұны түсінікті, елдің азаматтарын олардың тілі немесе ұлтына, дініне қарамастан біріктіре алатын, қазіргі заманның прагматизміне де сәйкес келетін ұғымдарға негізделуі қажет. Патриотизмнің қалыптасуына ерлік пен елдікті бүгінгі ұрпаққа үлгі ететін тарихи өткені мен қоғамның барлық әлеуметтік топтарының тіршілігі мен өмірмәндік ұстанымдарына жауап беретін бүгінгі әлеуметтік жағдайы және болашаққа нық сенім ұялататын болашағы болуы керек. Мақалада патриотизм, азаматтық келісім, ұлттық бірлік мәселелеріне кеңінен тоқталған.

**Түйін сөздер:** патриотизм, отансүйгіш, ұлт, келісім, мемлекет.

Қазіргі кезде еліміздің егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың республика халқына жолдауларында, мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында», «Қазақстан 2030», «Әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің санатына ену», «Зияткерлік ұлт қалыптастыру» бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарында, ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Қазіргі кезде Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдері мен ұлыстар өзінің тума мәдениеті мен тіліне, өнері мен дәстүріне сүйіспеншілікпен қарай отырып, өз Отаны ретінде Қазақстанға деген құрметін арттыруда, мұның өзі жалпықазақстандық патриотизмнің көрінісі болып табылады.

Қазіргі кезеңде «қазақстандық отансүйгіш» ұғымына зор мән берілуде. Көпұлтты Қазақстан халқының отансүйгіштік сезімін қалыптастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік.

Республика халықтарының өзара ұлттық келісімі мен достығын нығайтуға, 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардың жалпықазақстандық патриотизмінің кемелденуіне бірқатар тарихи мерзім керек екендігі туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасында: «...біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» – [1, 16 б.] деп жазғанда, бұл процестің жеңіл, әрі қысқа мерзімде аяқтала қоймайтындығын ескергені сөзсіз. Сондықтан әрбір қоғам мүшесіне патриоттық тәрбие бере отырып, оның ұлтжандылығын, отансүйгіштік санасын, басқа ұлт өкілдеріне сыйлы қатынасын және халқына деген құрмет сезімін қалыптастыру талабы жылдан жылға күшейіп отыр. Қазіргі қоғамның патриоттық санасы үш түсінікті құрайды: ұлттық-этникалық, жалпыадамзаттық және әлеуметтік-таптық.

Ұлттық-этникалық дегеніміз – ұлттық намыс сезімі, Отанға, ұлт мәдениетіне, тіліне, т.б. деген сүйіспеншілік, Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, жалпықазақстандық патриотизм республикадағы ұлттар өкілдерінің бәріне дерлік ортақ түсінік болу керек. Қазақстандық патриоттық тәрбиенің мақсаты – жеке тұлғаның, әлеуметтік, ұлттық топтың патриоттық іс-әрекетке саналы түрде ұмтылуын анықтайтын саяси-моральдық, кәсіби, дене шыңдау қасиеттерін қалыптастыру. Қазақстандық патриотизм қазақ ұлтының республикадағы басқа да ұлттармен өзара қатынасы негізінде мына принциптер бойынша жүзеге асады: өзара түсінушілік; материалдық және рухани құндылықтармен өзара алмасу; өзара көмек; ортақ мақсат, идеялар негізінде өзара қарым-қатынаста болуға саналы тапшыныс; ұлттық және жалпыадамзаттық мүдденің табиғи үйлесімділігі; тең құқықтық, т.б. Бүгінгі жағдайда бұл принциптер қазақстандық патриоттық тәрбиенің негізгі бағыттарын жүзеге асыруға ықпал етеді [2, 11 б.].

Патриоттық тәрбиенің мазмұны өзара бір-бірімен тығыз байланысты екі негізгі компоненттен тұрады. Оның біріншісі кең әлеуметтік-педагогикалық бағыттылығымен сипатталады. Ол мынадай элементтерге негізделеді: негізгі әлеуметтік, тарихи, адамгершілік, саяси, әскери және басқа мәселелер бойынша оң дүниетанымдық көзқарастар мен

ұстанымдар, маңызды рухани адамгершілік, әрекеттілік сапалар (Отанға деген сүйіспеншілік, заңнамаларға сыйлы қатынас, конституциялық міндеттерді орындау және азаматтардың қауіпсіздігін сақтау алдындағы жауапкершілік, т.б.). Патриоттық тәрбие мазмұнының әлеуметтік-педагогикалық компоненті оның өзегін құрайтын басты компонент болып табылады, өйткені бойында өзіне тән құндылықтары, көзқарасы, бағдары, қызығушылықтары, ұстанымдары, мотивтері бар қазақстандық азамат пен патриоттың тұлғасын қалыптастырмай, Отан қорғау, әскери және басқа да мемлекеттік қызметке қатысты нақты міндеттердің табысты шешілуі мүмкін емес.

Бүгінде патриоттық тәрбие мазмұнының өзіне тән арнайы компонентінің мәні артып отыр. Бұл компонент патриоттық тәрбиені алға қойылған нақты міндеттерге сәйкес саралап, негіздеп, әрі жан-жақты жүргізуді көздейді. Патриоттық тәрбие мазмұнының өзіне тән арнайы компоненті неғұрлым нақты және әрекетті бағыттылығымен сипатталады. Қазіргі жағдайда патриоттық тәрбие мазмұнында басымдық танытатын рухани адамгершілік құндылықтар ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: – Отанды қорғауға даяр болу; – моральдық-саяси оптимизм; – ізгілендіру; – бейбітшілік сүйгіштік, бейбіт өмір мен әлеуметтік прогресс; – ерлік, отансүйгіштік қызметте көрінетін белсенділік; – өз Отанына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезім; – өз халқына, туған өлкеге, тіліне, мәдениетіне берілгендік; – өзге ұлт өкілдеріне, олардың тіліне, мәдениетіне құрметпен қарау; – ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, бүгінгіні тәрбиелеу үшін ерлікке толы өткенімізге, әскери, еңбек пен озық халық дәстүрлеріне адал, әрі берілген болу [3, 12 б.].

Жоғарыда айтылғандар негізінде қазіргі таңда жастарға патриоттық тәрбие беру мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Рухани-адамгершілік – тұлғаның жоғары құндылықтарды, мұраттар мен бағдарларды, әлеуметтік маңызды процестер мен шынайы өмірдің құбылыстарын саналы түсінуі, оларды күнделікті іс-әрекеті мен мінез-құлқында негізгі принциптер, ұстанымдар ретінде басшылыққа алу қабілеті. Бұл бағыт жоғары мәдениеттілік пен білімділікті дамытуды, Отанға адал қызмет етуге даяр болуға итермелейтін идеяларды саналы түсінуді, мінез-құлықтың жоғары адамгершілік, кәсіби-этикалық нормаларын, шыншылдық, жауапкершілік және ұжымшылдық қасиеттерін қалыптастыруды көздейді.

2. Тарихи – біздің ата-бабаларымыздың тарихын танып-білу, Отанның, оның тағдырының қайталанбайтындығын саналы түсіну, ерлікке толы өткендегі төңкеріс, әскери, еңбек және халық дәстүрлеріне аялы көзқарас. Бұл бағыт Отанымыздың көпғасырлық тарихын, әлемдік тарихи процесте Қазақстанның алатын орны мен атқаратын ролін оқып үйренуді, халқымыздың менталитетінің, әдет-ғұрыптарының, наным-сенімдері мен

дәстүрлерінің ерекшеліктерін түсінуді, еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен өткен дәуірлердегі батырлардың, қайраткерлердің, билер бен хандардың, халық құрметтеген азаматтардың ерлік істерін дәріптеуді көздейді.

3. Саяси-құқықтық – мемлекет пен ар-ожданның бағынышты күшіне негізделген адамдар арасындағы нормалар мен ережелердің жиынтығы. Оның негізгі мақсаты – қоғамдық меншікті қорғау, халық үкіметін, демократияны, мемлекеттік заңдылық нормаларын, адамның құқықтары мен бостандығын қорғау. Біздің елімізде демократиялық құқықтық мемлекет орнатудың күн тәртібіне қойылуына байланысты құқықтық сананың маңызына назар аударылып, саяси-құқықтық бағыттың ролін арттыру көзделуде [4, 26 б.].

Құқықтық нормаларды қоғамдық қатынастардың нақты практикасына ендіруге құқықтық сананы жетілдіру, азаматтардың санасын ояту, қоғамдық пікір беделі мен заңның күшін мемлекеттік құқық қорғау органдарының көмегімен күшейту арқылы қол жеткізуге болады. Құқық қоғам өмірінде бірнеше маңызды әлеуметтік функцияларды атқарады. Құқықтың негізгі қайнар көзі мемлекеттік құқықтың мәнін ашып көрсететін Ата Заң болып табылады. Ата Заңның негізінде қоғамдық өмірдің әрбір саласы (еңбек, азаматтық, меншік, кәсіпорын, кооперация, қоршаған ортаны қорғау туралы, әкімшілік, отбасылық, қылмыстық) бойынша заң актілері жасалып, әрекет етеді. Мұнда құқықтың реттеуші функциясы көрінеді.

Тәрбиелік функциясы демократиялық құқықтық мемлекетте адам тәртібінің негізі оның белсенді және саналы түрде адамгершілік пен құқық нормаларын орындауы болып табылады. Осында педагогикалық және заң ғылымының өзара әрекеті негізделеді: педагогика адамгершілік нормаларын тәрбиелеуден құқыққа қарай, юриспруденция құқықтан адамгершілікке қарай жылжиды. Екі ғылым да бір міндетті – тұлғаның бойында адамгершілік құқықтық мәдениетті қалыптастыруды көздейді.

4. Патриоттық – біздің қоғам мен мемлекетті, қазақстандықтардың ұлттық сана-сезімін, өмір салтын, дүниетанымы мен тағдырын қалыптастыру мен дамытудың ерекшеліктерін айқындайтын маңызды рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи құндылықтарды тәрбиелеу. Ол өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілік пен берілгендікті, халқының байлығы, ерлік істері мен дәстүрлері, мәдениеті үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруды, қоғам мен мемлекетке адал, шынайы қызмет етуді қамтиды.

5. Кәсіби-әрекеттілік – Отанға қызмет етумен байланысты еңбекке жауапкершілік пен борыштылық қатынасын, лауазымдық міндеттері мен қойылған міндеттерді табысты орындау мүддесі тұрғысынан кәсіби-еңбек сапаларын белсенді танытуға ұмтылушылықты қалыптастыру.

Ол тұлғаның өзін-өзі кәсіби-әрекет тұрғысынан көрсетуінің мотивтерін, мақсаты мен міндеттерін, құндылық бағдарларын, еңбекте жоғары нәтижелерге қол жеткізуге кәсіби құштарлықтары пен ынтасын, міндетті жоғары тиімділікпен орындау және нақты мақсаттарға жету қабілетін, өзінің кәсіби тұрғыдан өсу жоспарын болжау және іске асыра білу білігін қамтиды.

6. Психологиялық – жастарда жоғары психологиялық беріктікті, кез келген жағдайда күрделі, әрі жауапты міндеттерді орындауға даярлықты, қиыншылықтарға төзімділікті, табысты өмір мен іс-әрекет үшін қажетті маңызды психологиялық қабілеттерді қалыптастыру. Ол әскери және басқа ұжымдарда әлеуметтік-психологиялық процестерді оқып-үйренуді және болжай білуді, жағымсыз құбылыстардың алдын-алуды мен девиантты мінез-құлықты болдырмауды, психологиялық қызбалылықты сабасына түсіруді, қозушылық жағдайын жоюды, іс-әрекет түрлерінің, мінез-құлық ережелері мен нормаларының, рухани құндылықтарының ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық сапаларды қалыптастыруды көздейді.

7. Әскери –патриоттық – жас жеткіншектерді әскери қызметке, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасының және өз халқының алдындағы азаматтық борышын өтеуге, тәуелсіз демократиялық Отанының сенімді қорғаушысы болуға даярлау, маңызды әскери дәстүрлерді игеруі және қазіргі заман қару-жарақтарын меңгеруі.

Ол мынадай мәселелердің шешімін табуды көздейді:

- жастарды Қазақстан Республикасының Ата Заңымен, Отан қорғау, ҚР Қарулы Күштерінде әскери борышын өтеу туралы Заңдармен таныстыру;

- әскери істің тарихымен таныстыру;

- ҚР Қарулы Күштерінің және басқа жасақтардың міндеттерімен, құрылымымен таныстыру;

- азаматтық қорғаныс негіздерін оқыту; әскери істің негіздері бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру;

- Отан алдындағы әскери борышын өтеуге психологиялық даярлық беру;

- өлкетану және ізденіс жұмыстарын, Әскери Даңқ тарихы мектеп мұражайларының іс-әрекетін ұйымдастыру.

Бұл бағыттардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты, патриоттық тәрбие берудің мақсаты, міндеттері, рухани-адамгершілік және дүниетанымдық негіздері, принциптері, формалары мен әдістері тұрғысынан іс-әрекет барысында өзара бірлікте жүзеге асырылады. Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің мақсаты, міндеттері, мазмұны мен принциптері мектеп практикасында белгілі бір жүйе арқылы іске асырылады. Жүйе – бұл белгілі бір тұтастықты құрайтын өзара байланысты элементтердің кешені; олар өзара байланысты, бір-біріне тәуелді бола

отырып, өзара әрекет етуі негізінде тұтас бірлікті құрайтын элементтердің (компоненттердің) реттелген жиыны.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің нәтижелілігін қамтамасыз етуде жалпы білім беретін мектептер басты роль атқарады. Сондықтан тәрбие теориясының негіздерін, мектепте жүргізілетін тәрбие жұмыстарының әдістемесін және алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені терең оқып-үйреніп, тиянақты талдау жасау арқылы мектепте жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің жүйесі жасалды [5, 8 б.]. Бұл жүйе мұғалімдерге патриоттық тәрбие беру ісінде негізгі бағыт-бағдарды алуға көмектеседі. Жүйені негізге ала отырып, мұғалімдер патриоттық тәрбие беру процесін әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа жағдайына сәйкес жаңа көзқарастар тұрғысынан жетілдіруге көңіл бөлу керек. Қазіргі таңда патриотизмді маңызды әлеуметтік құндылық, қоғамның рухани-адамгершілік бірлігінің, оның өмірлік ұстанымдары мен мемлекеттілігінің негізі ретінде қайта жаңғырту және дамыту аса маңызды болып отыр.

Патриоттық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу соған сәйкес тәрбие жұмысы формаларының тұтас кешенін пайдалануды көздейді, оларды шартты түрде екі негізгі топқа бөлуге болады:

– бірінші топ патриоттық тәрбие мазмұнының жалпы дамытушылық компонентіне негізделген, жалпы патриоттық сипаттағы неғұрлым кең, әрі көптүрлі формаларды қамтиды. Олар оқу-тәрбие мекемелерінде негізгі тәрбиелік шаралар (әңгімелесулер, кештер, «дөңгелек үстел», кездесулер, т.с.с.) немесе факультативтерде, үйірмелерде, курстарда, секцияларда қосымша оқу сабақтары түрінде өткізіледі;

- екінші топ патриоттық тәрбие мазмұнының өзіне тән ерекшелігіне негізделген, көптүрлі емес және көп жағдайда әскери және әскери-қолданбалы бағыттылықпен сипатталады. Бұл формалар негізінен практикалық сабақтар, жұмыстар, әскери ойындар түрінде өткізіліп, жасөспірімдерді әскери бөлімшелердің өмірі мен қызметімен және әскер қызметшілерінің тұрмысымен, қызметімен таныстыруды көздейді.

Сонымен патриот дегеніміз – ұлы құндылықтарды ұлықтап, өзінің ұлы даланың ұрпағы екеніне мақтан ете білу, елінің жарқын болашағын жасауға үлесінді қосу болса, этномәдени тәрбие беру, ұлттық салт-дәстүрлерді заманауи құралдар арқылы насихаттау мәселесі күн тәртібінен түспеуі керек, сонда ғана ұлттық құндылықтардың отансүйгіштікке тәрбиелеу функциясы өз мақсатына жете алады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
- 2 Жастар – еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы // Егемен Қазақстан. – 2019. 24 қаңтар (№15). – 1,3 б.

3 Жолдасбек Д. «Жастар болашаққа сенеді» //Айқын. – 2018. 3 ақпан (№19)-3 б.

4 Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 26 б.

5 Мұхамеджанов Б.Г., Әбдірайымова Г.С., Қазақстандағы жоғары білім: әлеуметтік тәжірибелер, субъектілер және қызығушылықтар. – Алматы, 2011. – 8 б.

**FTAMP 19.01.05**

## **СПОРТ КЛУБЫНЫҢ БРЕНДІ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰРЫЛЫМ РЕТІНДЕ**

**А.М. Байдрахман**

*Магистрант, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ.*

Спорттық брендингте спорттың үлкен аудиториясына қол жеткізе алуына байланысты технологиялар мен байланыс құралдары ерекше маңызды. Спорттық брендтің жетістігі, оның ұстанымы мен алға жылжуы оның айналасындағы медиа коммуникациялардың құрылымына, соның ішінде қоғаммен байланыс форматтарына, желілік коммуникацияларға, оқиғаларды басқаруға және т.б. байланысты болады. Осы факторларды ескере отырып, брендті халықаралық саясат пен бәсекелестікке, қоғамдық сананы біріктіретін медиа құрылым ретінде зерттеу, тиісті ғылыми құндылыққа ие болады.

**Түйін сөздер:** спорттық брендинг, футбол клубтары, әлеуметтік құндылық, коммуникативті компоненттер, қоғаммен байланыс.

Спорттағы брендингтің коммуникативті компоненттеріне арналған бұл мақала спорттық брендтің құрылым қарастыру және оны әмбебаптандырудың мүмкін перспективаларын анықтау міндетін қояды.

Медиаконструкт, немесе коммуникациялық құрылым кәсіби әдебиетте термин ретінде жиі қолданылып келеді. Терминнің енгізілуі материалдық емес экономиканың, әлеуметтік желілердің және осы экономиканың құрамдас бөлігі ретінде брендтің дамуымен байланысты. Медиа-құрылым коммуникациялық процестің жүйелік бірлігі ретінде қарастырылады және брендинг процестерінің басқарушылық



компонентінің ғана емес, сонымен бірге коммуникативті компоненттің де маңыздылығын көрсетеді. Бұл тұжырымдама брендтің немесе феноменнің коммуникативті компонентін анықтайтын (PR технологиялары, оқиғаларды басқару, интернет-технологиялар, жарнама және т.б.) коммуникативтік компонентті анықтайтын және күтілетін нәтижеге арналған технологиялар мен процестердің жиынтығын қамтиды.

Адам әлемді түсіну және оқиғаларды болжау үшін конструкцияларды пайдаланатындығы белгілі. Клуб брендінің медиа-конструкциясы бұл жағдайда брендтің мүдделі тараптармен байланысын сипаттайтын, сонымен қатар брендтің әлеуметтік-мәдени әлеуетін ілгерілету үшін қолданылатын сипаттамаларды қамтиды. Спорттағы бренд өзін спорттың кәсіби-маңызды өлшемдерін ғана емес, сонымен қатар спорттың әлеуметтік-мәдени мәселелерін шешуге әсер етуге мүмкіндік беретін әлеуметтік құндылықтарды жинақтайтын күрделі ақпараттық-коммуникациялық құрылым ретінде көрсетеді.

Футбол мен футбол клубтары жоғары жетістіктердің спортында ерекше орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, футбол әлемдегі бірінші спорт түрі ретінде терең өзгерістерге ұшырады: бұл елдер мен қалаларды бейнелейтін футбол клубтарының брендтері, беделді сатып алу объектісіне, коммерциялық нысанға және материалдық емес активке айналды. Қазіргі футбол жанкүйерлері – әлеуметтік желілерде ұйымдастырылған топтар, олардың ықпалы мен мүдделері спорт саласынан әлдеқайда жоғары.

2016 жылы бірқатар сарапшылар Еуропаның жетекші философтарымен және саясаттанушыларымен жоғары сапалы сұхбаттар негізінде осы құбылысты зерттеді, нәтижесінде зиялылар мен «барлық саяси алпауыттар» спортқа деген қызығушылық таныту тенденциясы анықталды. Бұл құбылыс 80-жылдары пайда бола бастады. өткен ғасыр болғанымен, жиырма бірінші ғасырдағыдай ауқым болған жоқ. Осыған байланысты француз саясаттанушысы Н. Полони «футбол ел проблемаларының мәнін нақтылайды» деп атап өтті. «Қазіргі зиялылардың планетарлық өлшемде әлеуметтік әсері бар футбол туралы пікірталастарға қатысуы өте маңызды», – дейді Жюльен Сорс. Қорытындылай келе, феномен ретінде футбол брендингі әлеуметтік, коммерциялық және коммуникациялық құбылыс деп атуға лайық деп тұжырымдау қисынды.

Аталмыш мақалада зерттеу объектісі әлемдік брендке айналған, қазіргі нәтижелерімен жанкүйерлерінің көңілінен шығып жүрмесе де, Еуропаның тыңғылықты алпауыттарының біріне айналған ағылшындық «ФК Манчестер Юнайтед». «Манчестер Юнайтед» футбол клубының бренді – бұл өзіндік тақырыптық шеңберден тысқары орналасқан және ұлттық басымдықтар мен халықаралық позициялар тұрғысынан салмақ алатын, эпистемологиялық және аксиологиялық сипаттамалары бар күрделі



коммуникативті құрылым. Манчестер Юнайтед бренді Англия бейнесімен байланысты, оның ойыншылары Англия Патшайымымен немесе Битлзмен бірге ұлттық батырлардың ерекше түріне айналды. Байланыстардың арқасында клуб бүкіл әлемде жанкүйерлердің көп санын жинайды және брендті капиталдандырудың өсуіне әсер етеді.

Манчестер Юнайтед ФК ресми сайтында ұсынылған ақпараттың мазмұнын талдау нәтижесінде бренд құрылымын қалыптастыру мен дамытудың жан-жақты әдістері анықталды: клубтың миссиясын айқындау және клуб қызметінің негізгі мағынасын көрсететін ұран қалыптастыру; клуб құратын клуб жобалары және оларды ақпараттық қолдау; брендтің мультимедиялық әсерін қамтамасыз ететін жаңа медиа технологиялары мен жанрларын пайдалану. Бренд құрылымының компоненттерін қалыптастыру көп функциялы құралдарды – брендтің өзегін құрайтын стратегиялық құралдарды, символдық, жарнамалық, медиа және PR құралдарын қолданумен байланысты.

Стратегиялық құралдар клубтың стратегиясы мен миссиясын анықтауға, қызметтің негізгі мағынасы мен бағыттарын көрсететін ұранды қалыптастыруға бағытталған. «Манчестер Юнайтед» ФК миссиясы келесідей тұжырымдалады: «Манчестер Юнайтедтің миссиясы – әлемдегі ең жақсы футбол клубы болу». Клубтың миссиясы – ойын барысында және одан тыс жерлерде әлемдегі ең жақсы футбол клубы деп қорытынды жасауға болады. Жарияланған материалдар миссияны орындау деңгейлерін көрсетеді: клуб қоғамның бөлігі болуға, спорт мәдениеті мен білімнің дамуына үлес қосуға тырысады. Күрес факторларына байланысты олжалар мен жеңістер саны әр түрлі болуы мүмкін, бірақ клубтың қоғамдық миссиясы өзгеріссіз қалады. Әлеуметтік байланыстарды аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде жүзеге асыру үшін «біздің басымдықтарымызға адал болуға және қалыптасқан қағидалар мен дәстүрлерді өзгертпеуге, кез-келген ұсыныстарға ашық болуға және өзгерістерге дайын болуға» мүмкіндік беретін Әлеуметтік жауапкершілік корпорациясы құрылды. Жалпы алғанда, Манчестер Юнайтедтің бренд философиясы – бұл брендтің қоршаған ортаға қатысты әлеуметтік, әлеуметтік, этикалық және эстетикалық құндылықтар жүйесі.

Клубтың ұраны: «Жастар. Ерлік. Ұлылық» – ағылшын футболының дәстүрлері мен мектебін керемет спорт түрі ретінде дамытуға деген ұмтылыс. Кез-келген ұйымның миссиясы өнім немесе қызмет сапасымен байланысты. Алайда, спорт клубының миссиясы тек ойын деңгейімен ғана емес, сонымен бірге әрдайым болжанатын нәтижелермен ғана емес, сонымен бірге спорттың әлеуметтік-мәдени факторларымен де байланысты. Осыған байланысты Манчестер Юнайтед – әлемдік футболдың танымал көшбасшысы, британдық футбол мектебінің дәстүрін, сонымен бірге жанкүйерлермен және фан-клубтармен ерекше сенімді қарым-қатынас

форматтары, қайырымдылық дәстүрлері, ұзақ мерзімді және табысты демеушілік және басқа да әлеуметтік және мәдени жобалар.

Өнімге қанағаттану – бұл футбол алаңындағы жеңістер ғана емес, сонымен бірге корпоративті ойын стилі, ойынның көңіл көтеруі. Мысал ретінде «Реал Мадрид» клубын жаттықтырған Фабио Капеллоны аламыз. Клуб Чемпиондар лигасын жеңіп алды, бірақ жанкүйерлердің талабы бойынша бапкер жұмыстан босатылды, өйткені команда өте прагматикалық және көңілсіз футбол көрсетті. «Манчестер Юнайтед» жанкүйерлерінің қанағаттануы, керісінше, үлкен дәрежеде көз тартарлық, ойынның жарықтығы, шабуылдың ерекше стилі, сонымен қатар соңына дейін күресіп, оралуды жеңе білу – матчтың соңғы минуттарындағы жеңіске қол жеткізді. Жанкүйерлер бұған ойыншылар мен жаттықтырушының мінезінің мықты екенін көрді. Сондай-ақ, жанкүйерлер клуб жұлдыздарды сатып алуға емес, ойыншылардың біліміне сүйенгенін жоғары бағалады. Әйгілі «Класс 92» деректі фильмі «Манчестер Юнайтед» академиясының бірнеше түлектеріне арнайы арналып, оған клуб-брендтің даңқын жеткізді.

Басқаша айтқанда, спорт клубының миссиясы спорттағы бренд – бұл керемет қызмет түріндегі ұсынылатын өнімнің сапасы ғана емес, спорттың әмбебап құндылықтары және қатынастар моделі екендігін көрсетеді. Манчестер Юнайтедтің әлемдік бренд екендігі, соңғы жылдардағы қарапайым нәтижелерге қарамастан, миссияны осылай түсінуінің нәтижесі.

Брендтің тұтынушыларына жарнама хабарламаларын тарату арқылы жарнама құралдары оған деген қызығушылықты сақтауға ықпал етеді. Клуб БАҚ-да кеңінен қолданылатын жарнама (MUTV арнасында, Inside United журналында); Интернеттегі жарнама (ресми сайтта және әлеуметтік желілерде); Теледидарлық жарнама (клубтың жағымды жақтары туралы телешоулар мен бейнелер); ойын жарнамасы (компьютерде және басқа ойындарда клубтық жарнама). Сувенирлік жарнама қолданылады (компанияның күнтізбелері, басылып шыққан өнімдер, іскерлік сыйлықтар) және киюге болады (киім, аяқ киім, бас киімдерде). Ресми сайттағы ең үлкен көлемді клуб брендин белсенді түрде тарататын демеушілер мен медиа серіктестер жарнамалайды: 23 жаһандық серіктес, 13 медиа серіктес, 12 аймақтық және 14 қаржылық серіктес «Ғаламдық серіктестер», «Аймақтық серіктестер», «Медиа телекоммуникациялық серіктестер», «Қаржы серіктестері» бөлімдерінде көрсетілген. Арнайы құрылған Манчестер Юнайтед брендин қорғау бөлімі клуб брендин қорғауға жауап береді. Клубтың бренспен көрсетілген тауарларды өндіруге, сатуға айрықша құқығы болғандықтан, демеушілер клуб брендин тек Манчестер Юнайтед ФК рұқсатымен ғана қолдана алады.

Клуб түрлі мақсатты топтарды жетекші спорттық іс-шараларға, соның ішінде фан-клубтар мен «отбасылық топтарға» тарту үшін коммуникациялық саясаттың жаңа бағытын қалыптастырды. Мысалы,

ол Google әлеуметтік желісімен күш біріктіріп, әлемдегі клубтық жанкүйерлерге Олд Траффорд стадионындағы матчтардан жаңа сенсация алуға мүмкіндік беретін жаңа өнімді шығарды. Алдыңғы қатар сізге матч кезінде командаңызға қолдау көрсетуге және Google+ Hangout қолданбасының көмегімен билбордтарда көрінуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде жанкүйерлер фотосуретті Google+ арқылы бөлісе алады, ол футболға деген құштарлық пен клуб брендіне деген адалдығын көрсететін #MUFrontRow хэштегімен бірге болады. Осылайша, инновациялық бастама бренд қауымдастығына сүйікті командасына жақындаудың динамикалық және инновациялық тәсілін ұсынды. Клуб әлеуметтік желілерде өз кеңістігін кеңейте бастағанда, ол Google+-тағы миллион ізбасарларының деңгейіне жету жылдамдығымен Англиядағы барлық спорттық ұйымдарды басып озды. Манчестер Юнайтедтің арнайы SIM карталарын шығару мақсатында ұялы байланыс операторларымен ондаған келісім жасалды, оның көмегімен сіз клуб жаңалықтары, бейнелер, ойындар мен әуендер туралы ақпарат ала аласыз. Осылайша, клуб жанкүйерлермен жұмыс жасау барысында тиімді нәтижелерге қол жеткізіп отыр.

Мақсатты аудиторияның коммуникациялық процестердің енжар қатысушылары болып табылмағаны маңызды. Енді олардың қызметі дербес сандық құрылғылар арқылы жүзеге асырылады, олардың көмегімен мазмұнды ақпаратты алады және жібереді, яғни ақпараттық кеңістіктегі жеке маркетингтік әрекеттерді орындайды. Жаңа тәсіл – мультимедиялық технологиялардың интерактивті мүмкіндіктерінің арқасында бренд тұтынушылары белгілі бір әрекеттің немесе тұтастай алғанда жарнамалық және имидждік науқанның мазмұнын қалыптастыра алады. Спорттық өнімге деген көзқарасын білдіре отырып, тұтынушы өзіндік дараланған «бренд тасымалдаушысы» болады. Мұндай байланыс моделінің жетістігін клубтың ресми сайтындағы және әртүрлі аймақтардағы жеке фан-клубтардағы фан-форумдардың мысалдары дәлелдейді. Сонымен қатар, спорт клубының веб-сайты арқылы қоғаммен диалогтың орнатылуы оның спорттық, қаржылық және құқықтық бағыттағы әр түрлі мәселелер бойынша ұстанымын жедел анықтауға ықпал етеді.

Өткізілген талдаулар негізінде Манчестер Юнайтед ФК жобасын дамыту алгоритмін анықтауға болады. Даму моделі келесідей: алдымен командада, оның ойын стилінде және сапасында өзгерістер болады, содан кейін бұқаралық ақпарат құралдары, жарнама және баспасөз қызметі демеушілер мен жанкүйерлерге таратылады, содан кейін олар өз құндылықтары жүйесінде және қиялда өз орнын алады. «Манчестер Юнайтед» – әлемдегі ең жақсы клуб деген сенім жылдар бойы жанкүйерлер мен ойыншыларға беріліп, «Манчестер Юнайтед» алаңдағы ойыннан да жоғарғы деңгейде орын алады. Осыған байланысты біз спорттағы брендтер көптеген адамдардың өмірінде маңызды рөл атқаратын және белгілі бір

спортқа, клубтарға, жеке тұлғаларға және олардың құндылықтар жүйесіне қатысты көрінетін мотивациялық құндылықтарды іздеуді жаза алады деп ұсынамыз.

XXI ғасырдың басында. жоғары спорт түрлері айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Спорт ақпараттық қоғамның жағдайына бейімделіп, мәдени жаңашылдыққа кең мүмкіндіктер беріп, халықаралық саяси процестерде жаңа рөлге ие болды. Осыған байланысты, медиа мазмұнының тұжырымдамасы мен технологиясы тұрғысынан клубтың сәтті тәжірибелерін зерттеу жаңартылды.

Спортпен шұғылдану кезінде көптеген технологиялар, спорт процесіне қатысушылардың сезімдері, бұқаралық ақпарат құралдарында спорттық брендті анықтауға арналған көптеген функциялы құралдар бар. Әлемдік спорттағы бренд енді бренд атауы ғана емес, өндіруші мен тұтынушы арасындағы байланыстың өнімі, сол суреттерде, құндылықтарда және мүдделі тараптардың аудиториясы брендтің артында көретін басқа да ерекшеліктерде. Брендтің имидждік компоненті қоғамдық құндылықтарда брендтің танылатын, құнды аспектісі ретінде осы құндылықтардың қалаған проекциясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Манчестер Юнайтед брендінің медиа-құрылымы үнемі дамып келеді, мақсатты аудиториялары бар өзіндік экожүйені құруға негізделген. Манчестер Юнайтед клубының байланыс формуласы жаңа технологиялар мен желілік коммуникация мүмкіндіктеріне байланысты дамуда.

Брендтің ақпараттық және имидждік кеңістігін құрудың зерттелген әдістері мен құралдары ең тиімдісін анықтауға мүмкіндік берді: мүдделі тараптардың аудиториясын кеңейту және брендпен өзара әрекеттесу процесін дараландыру үшін заманауи технологиялар мен құралдарды қолдану; клуб мифологиясын және футбол клубын бизнес ретінде ескере отырып, клубты сәйкестендіруді қолдану; Клубтың абыройы мен имиджін саналы, табанды түрде орналастыру. Манчестер Юнайтед бренді әлемдегі әйгілі клубқа айналды деп қорытынды жасауға болады, өйткені бұл кез-келген басқа командадан гөрі өз ойын өрнектей алады, жанкүйерлермен жұмыс жасайды, ақпараттық және коммуникациялық стратегияны, модель құра отырып, тікелей өмір тәжірибесінің динамикасын қалыптастырады. керемет әсерлі оқиға. Жанкүйерлермен және демеушілермен тиімді қарым-қатынас жасау мүмкіндігі ондаған жылдар бойы жеңісті нәтижелерге қол жеткізді. Цифрлық арналардың жетекші рөлінің нәтижесінде зерттеліп жатқан спорт клубының аясында қалыптасқан медиа коммуникациялардың технологиялары мен модельдерін әмбебаптандыру процесі жүреді, оған кері байланысқа көптеген мүдделі тараптар тартылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында және спорттың халықаралық контекстегі рөлінің өзгеруінің арқасында спорттық топтың брендті үкіметтік емес, білім беру ұйымдары, экологиялық және басқа да бірлестіктерге

теңестірілген БАҚ-қа, байланыс арнасына айналады деп қорытынды жасауға болады.

Спорттағы бренд спорттық аудиториямен өзара әрекеттесу механизміне негізделген коммуникациялық алмасуға және қоғамдық және нақты (тақырыптық) баяндамалар мен хабарламаларды аударуға және олардың қоғамдық санаға бірігуіне бейімделген.

Осыған байланысты спорттық брендингтегі инновациялар тек жаңа технологиялармен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және кәсіби бағыттармен де байланысты болуы керек. Мысалы, спорттың саясаттануы мен әлеуметтік желілердің қоғамдық қатынастардың бүкіл жүйесіне әсер етуі жағдайында брендтер халықаралық өлшемге ие болады және белгілі аксиологиялық компонентке ие бола отырып, жалпыадамзаттық құндылықтардың тасымалдаушысы болады. Осыған байланысты клуб менеджменті болжау мен трендті анықтауға негізделген қызметтің жаңа модельдерін (инновациялық өнім және жүйелік жоба) жасауы керек. Спорттық брендингтегі инновация сонымен қатар жүзеге асыру тұрғысынан да маңызды, маңызды сипатқа ие болуы керек

Болашақта спорттық брендинг олармен қарым-қатынастың интерактивті нысандары арқылы дамиды, ал мақсатты аудиторияның талғамдарын бағалаудағы таза спорттық өнім (нәтиже) имидждік және ассоциативті параметрлермен (ел, тұлға, қоғамдағы рөлі) қатар жүреді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Геобрендинг: практическая коммуникация в продвижении территорий / Т. Лебедева, А. Ассаель, Т. Кормановская, Л. Эпштейн. 2014.
- 2 Анатомия бренда. Перция В., Мамлеева Л. М.: Вершина, 2007.
- 3 Как создать мощный бренд. 3-е издание. Чернатони Л., МакДональдс М. М.: Юнити, 2012.
- 4 Спортивный маркетинг: принципы позиционирования профессионального спортивного клуба. Явленин И. 2008.

ГРНТИ 16.21.61

## ТЫҢДАЛЫМ DAҒДЫCЫН DAМЫTUDЫҢ MAҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТЫҢДАЛЫМНЫҢ ТҮРЛЕРІ

**Ж.Д. Жансүгірова, Ж.Т. Раймқұлова**

*«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҒУ «Педагогикалық шеберлік орталығы» Қызылорда қаласы филиалының тренерлері, Қызылорда қ.*

Тыңдалымның адамның қарым-қатынас орнатуда маңыздылығы болғанымен бұл тілдік дағдыны меңгеруде басқа дағдыларға қарағанда «кенже» калып, мұғалімдердің жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбегендігін тәжірибе көрсетті. Жаңа бағдарламаны іске асыруда тыңдалым оқушы мен мұғалім үшін күрделі сөйлеу әрекеттеріне жатқандықтан, мұғалімдерде оны оқу мен оқыту тәжірибесіне енгізуде кедергілер кездесуде. Жалпы теориялық тұрғыдан тыңдалым бойынша ақпараттың аз болуы, оның әдістемесін игеруде ресурстардың тапшылығы тіл мамандарында оқу мақсаттарымен жұмыс жасау барысында қиындықтар туындауда. Тыңдалымның қарым-қатынас орнатудағы үлесі мен орнын анықтау мақсатында алдымен тыңдалымның адамның өміріндегі маңыздылығы, оқушыларда дамыту қажеттілігі және оның түрлерімен ой бөлісуді жөн көрдік. Зерттеушілердің пікірлерін келтіре отырып, тыңдалымның түрлерін жан-жақты талдау жолдарын ортаға салдық.

**Түйін сөздер:** Маңызды дағды, тыңдалым түрлері, ғалымдар пікірі, экстенсивті, интенсивті тыңдалым.

Тыңдалым – адамның өмірінде жиі қолданатын қарым-қатынас дағдысы. Күнделікті біз телефон, радио мен теледидардағы хабарламаларды тыңдаймыз, ресми немесе бейресми кездесулерге барамыз, пікірталас пен сұхбаттарға қатысамыз, нұсқаулар мен ауызша ақпараттарды қабылдаймыз т.б. Марк Твен бір сөзінде тыңдалымның маңыздылығын былайша атап өтті: «...Егер біз тыңдаудан гөрі көп сөйлеуіміз керек болса, бізде екі тіл және бір құлақ болар еді...». Ұлы қазақ ойшылы Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - деген нақыл сөзі де адамның алғашқы дүние есігін ашқаннан бастап басқа дағдылар қатарында алдымен есту қабілетінің айналаны тануына, кейіннен білімді болуына ықпалы бар екендігін атайды [1].

Кез келген адамның өзін басқалардың түсінуін әрқашан қалайды. Басқалардың тыңдай білуі біздің айтқанымызды шынайы қабылдағанын,

біздің ойларымыз бен сезімдерімізді танығандығын, біздің айтқанымыздың маңыздылығын көрсетеді. Әр адам басқаның өзін тыңдауын түсіністік таныту деп қабылдай отырып, ішкі сезімін ашуға дайын. Психологтер тыңдай алу – өнер, айтушы мен тыңдаушы арасындағы өзара байланысын нығайтатын табысты қарым-қатынас жасаудың маңызды құралы деп таниды. Сезімтал тыңдаушының қасында өзіміздің не ойлайтынымызды, не сезінетімізді тани білеміз. Ол адамның ішкі «менінің» көтеріліп, өзін-өзі тыңдай алуға мүмкіндік береді [2]. Олай болса адамның жеке тұлға болып қалыптасуына зор әсер ететін тыңдалым дағдысының қандай түрлері бар екенін талдап көрелік.

Барлық қабылдау дағдылары сияқты тыңдалым да айтушы мен тыңдаушыны қамтитын динамикалық, белсенді үдеріс болып табылады. Тыңдау миға жіберілетін сигналдар немесе дыбыстар өңделетін кезде орын алады – яғни біз айтылатын нәрсеге назар аударғанда, негізгі нәрсені таңдаймыз, содан кейін түсініп, интерпретациялаймыз.

Көптеген жағдайларда адам тыңдалған ақпараттың маңызды және қызықты екенін білдіру үшін тыңдауға бейімделген. Осылайша, мысалы түскі ас кезінде достарымызды тыңдай және жауап бере отырып, олардың ойлары мен сезімдері сіз үшін маңызды екенін ишарамен білдіріп отырсыз. Сондай-ақ іскерлік келіссөздер кезінде өзінің оппонентін басқаша тыңдаса, үйдегі ашулы баланы тыңдауда басқаша тәсілді қолданады. Яғни, әртүрлі өмірлік жағдайларда біз өз мінез-құлқымызды бейімдеп, оны әңгімелесушінің ыңғайына қарай қалыптастырамыз. Осыған байланысты тыңдалымның бірнеше түрі бар. Оларды ажырату арқылы біз нақты сәтте ең қолайлы таңдау жасай аламыз. Сондықтан жақсы тыңдаушы болу үшін алдымен нақты мақсатқа сай келетін тыңдаудың түрін түсіну маңызды.

Тыңдалым белсенді және белсенді емес (пассивті) болуы мүмкін. Сіздің тыңдау барысындағы белсенділігіңіз, тыңдауға жұмсайтын энергия мөлшеріңіз белсенді тыңдауды пассивті тыңдалымнан ажыратады. Кейде кездейсоқ тыңдалым деп аталатын пассивті тыңдалым біздің уақытымыздың көп бөлігін алады: біз музыканы, сүйікті теледидар бағдарламамызды немесе досымызды тыңдаймыз. Мұндай сәттерде біз сыни ойлаудан гөрі, демалудан және ынталандырудан ләззат аламыз. Басқа жағдайларда, мысалы, концертте немесе театрда біз рақат үшін тыңдай аламыз. Сондықтан бұл тыңдалым түрі көп күш-жігерді қажет етпейді. Ал белсенді тыңдалым пассивтіге қарағанда мақсатты. Белсенді тыңдалым – бұл тыңдау және ақпаратты түсіну және есте сақтауды мақсат етеді [3].

Ғалым Ф. Оразбаева тыңдалымды үйренуші мен үйретушінің көзбе-көз не бірін-бірі көрмей қарым-қатынаста болу ыңғайына қарай қарастырып, екіге бөледі:



|                        |                                                                                                                                                                                                                                                         |
|------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Тіке тыңдалым</b>   | Тіке тыңдалымда тыңдаушы сөйлеушінің бет пішінін, еріндерінің қимыл-қозғалысын, ымдаған, ишарат білдірген дене қимылын көріп, соған қарап та ойды түсінеді, мән-мазмұнды қабылдайды.                                                                    |
| <b>Аралық тыңдалым</b> | Аралық тыңдалымда тыңдаушының алдында айтушының өзі жоқ, тек дауысы ғана естіледі. Мұнда сөйлеушінің қызметін аудиожазбалар, диафильмдер, диктофондар атқарады. Бұл жағдайда көбінесе, сөйлеушінің үніне, дауыс ырғағына қарап түсінуге тура келеді [4] |

Осы жіктелімді ұсына отырып, тыңдалымға үйрету техникалық құралдарды қолдануды талап ететіндігін айтады. Осыған орай тыңдалымға қатысты пайдаланылатын техникалық құралдардың негізгілері ретінде диафильмдер, киноүзінділер, аудиооқулықтар, пластинкалар, таспа-ленталар, фоножазбалар, бейнетаспалар т.б. қолдану қажеттілігін ұсынады.

Орыс ғалымы И.А Бредихина өзінің «Обучение основным видам речевой деятельности» атты зерттеуінде тыңдалым дағдысын тыңдаушының қызығушылығына орай топтастырады (кесте 3):

*Кесте №1. Тыңдалым түрлері.*

| Интенсивті /детальді                                  | Экстенсивті                                                                                                     |                                                                             |
|-------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|
|                                                       | Таңдамалы /селективті                                                                                           | Жаһандық                                                                    |
| Детальді, мазмұнды толық және нақты қамтыған тыңдалым | Нақты бір ақпаратты түсінуге бағытталған тыңдалым. (басқа ақпараттар маңызды емес және оған назар аударылмайды) | Ең маңызды негізгі, «қызыл жолақты» ақпаратты түсінуге бағытталған тыңдалым |

Тыңдалымды интенсивті, экстенсивті деңгейде топтау ақпарат мазмұнына да байланысты. Дегенмен бұл жіктелімде мақсат пен қызығушылық баса назарда болуы мүмкін екендігін айтқымыз келеді [3].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында «Тыңдалым және айтылым» бөлімі бойынша оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік беретіндігі нақтыланған. Олар – болжау, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау, мәтіннен ақпаратты анықтау, негізгі ойды анықтау, тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау, сөйлеу мәдениетін дамыту. Тыңдалым дағдысын дамытуға арналған сабақты өткізудің негізгі мақсаттарының бірі оқушыларды тиімді тыңдауға дағдыландыру, ақпаратты түсіну үшін онымен не істеу керек екенін үйрету болып табылады. Мендельсон (1995) мұғалімге оқушылардың білімін тексеруге емес, оның тыңдалым дағдыларын машықтандыруға, оларды жаттықтыруға баса назар аударуды ұсынады. Сондықтан үздіксіз жаттыға



беруді жоспарлау арқылы тіл мұғалімдері оқушыларына тыңдалым дағдысын шыңдап, метатану стратегияларын дамытуға көмектесе алады. Ендеше жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша тыңдалымның түрлеріне тоқталсақ (кесте 4):

*Кесте №2. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша тыңдалым түрлері.*

| <b>Тиімді тыңдалым</b>                             | <b>Тиімсіз тыңдалым</b>                                   |
|----------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|
| Көз түйістіру                                      | Көз арқылы байланыс жоқ                                   |
| Адамның қызыққаны көрініп тұрады                   | Адамға қызықсыз/ол есінеп отырады                         |
| Адам түсініктемелер береді                         | Адам ештеме айтпайды немесе «ия/жоқ» сөздерін ғана айтады |
| Адам сұрақ қояды                                   | Адам сағатқа немесе басқа заттарға қарап отырады          |
| Адам басын изейді/қандай да бір түрде жауап қатады | Адам сұрақ қоймайды                                       |
| Адам тақырыпты жалғастырады                        | Адам тақырыпты өзгертеді                                  |
| Мақсатпен жүзеге асырылады                         | Белгілі бір мақсат жоқ                                    |

Бағдарламадағы негізгі ұсынылған стратегиялардың дені де тиімді тыңдалымды жүзеге асыруға негіз болады. Осы тұрғыда оқушыларға төмендегі іс-әрекеттер ұсынылады.

Алдыңыздағы адамға қараңыз да, өзіңіз істеп отырған барлық әрекетті тоқтатыңыз;

Оның не айтып тұрғанын, сондай-ақ қандай сөздерді қолданатынын тыңдаңыз;

Басқа адамның не айтып отырғанына шынайы қызығушылық танытыңыз;

Осы адамның айтқанын басқа сөзбен жеткізіңіз;

Нақтылаушы сұрақтар қойыңыз;

Өз сезіміңіз бен берік пікірлеріңізден хабардар болыңыз;

Егер сіз өз көзқарасыңызды білдіргіңіз келсе, тыңдап болған соң мәліменді деген іс-әрекеттер тиімді болып табылады [6].

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жоғарыдағы жіктелімді шетел басылымдарына талдау жасау барысында да айқындай алдық. Яғни шетелдік ғалымдардың айтуы бойынша, тыңдалымның түрлерін тиімді/тиімсіз деп анықтау арқылы адам қарым-қатынас жасау, тұлғалық даму бағытында өте маңызды ақпаратты алатыны айтылады. Махатма Гандидің «Біз тыңдаймыз, бірақ үнсіз қалу үшін емес» деген пікіріндегі ойға сәйкес шетелдік ғалымдар тыңдалымның тыңдаушыға әсері тұрғысынан келесі түрлерін қарастырған екен.

Тиімді тыңдалым түрлері:

- Жан-жақты тыңдалым;
- Дискриминантты тыңдалым;

- Сыни тыңдалым;
- Терапиялық тыңдалым;
- Толыққанды тыңдалым;
- Терең тыңдалым;
- Рефлексивті тыңдалым;
- Эмпатикалық тыңдалым.

**Жан-жақты тыңдалымның** негізі тыңдаушының сөйлеуші сөзіне негіздеп пікір шығара алуы және естіген ақпаратының шынайылығын анықтай алуында. Яғни тыңдаушы тыңдай отырып, өзінің құндылықтарына сәйкес ақпараттың тиімді, тиімсіздігін бағалайды. Тыңдалымның бұл түрінде айтылған апараттың ішкі мазмұнын түсінуге тырысады және дәлелдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін ажырата алады.

**Дискриминантты тыңдалым** – айтылған ұсыныстар мен айтушының дауыс ырғағы, интонациясы арасындағы байланысты анықтауды қамтиды. Байланысты түсіну тыңдаушыға шын мәнінде сөйлеушінің не айтқысы келетінін немесе қандай эмоцияларды білдіргісі келгенін көрсететін вербалды сигналдарды байқауға мүмкіндік береді. Мысалы, тыңдаушы сөйлеушінің дауыс ырғағындағы өзгерістерді бақылау арқылы оның көңіл-күйі мен сезімін анықтай алады. Тыңдай отырып, ақпараттағы ой мен айтушының жеткізуіндегі өзара байланысты бағалап, өз пікірін ортаға сала алады.

**Сыни тыңдалым** – тыңдалымның ең маңызды түрі, өйткені тыңдаушыдан хабарламаны тыңдауды ғана емес, сонымен қатар сөйлеуші ұсынған ақпараттың немесе сөйлеушінің сенімге лайық екенін бағалауды талап етеді. Тыңдаушыға айтылған мәселе бойынша алдыңғы білімді қолданып салыстыруға, талдауға және жеке пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алынған ақпарат тыңдаушының алдағы жоспарына не іс-әрекетіне тікелей әсерін тигізеді. Мысалы президенттікке үміткердің сөзін тыңдау арқылы үміткердің қайсысын таңдайтыныңыз анықталады. Сабақта да оқушылар сыни тыңдау арқылы жарнама, үндеулерді тыңдап, ақпаратқа анализ жасап, интерпретациялайды, тыңдаушы таңдау жасап, одан арғы әрекетін жоспарлайды. Тыңдаудың бұл түрі жоғары ойлау қабілеті бар оқушыларға миға шабуыл жүргізуге, жаңа шешімдер қабылдауға және стратегияларды талқылауға мүмкіндік береді, сондықтан сабақта барлық оқушылардың тыңдаудан кейін оны талдау, интерпретациялау қабілеттерін дамыту маңыздылығы туындайды.

**Тыңдалымның терапиялық түрі** – қиын мәселесі бар адамға өз проблемасын талқылауға мүмкіндік беруде қолданылады. Әдетте медицина қызметкерлері мен консультант -кеңесшілер жиі қолданса, басқа да кәсіби мамандар айтушыға өз эмоцияларын білдіруге немесе кеңес алуға мүмкіндік беру үшін таныстарын немесе достарын тыңдаған кезде қолданады. Бұл әсіресе сыныптастармен, әріптестермен жақсы

қарым-қатынас орнату үшін тиімді тыңдалым дағдысы деп айтқымыз келеді. Тыңдалымның бұл түрі міндетті түрде ақпаратты мұқият тыңдауды талап етеді, негізгі мағынасы сіз сөйлесіп жатқан «адамды түсінесіз» деп атап көрсету болып табылады. Әдетте бұл кезде кездесетін мінез-құлық – сөйлеушінің не айтқанынан тыңдаушыны қаншалықты қызықтырғанын көрсететін бейвербалды сигналдарды қамтитын мінез-құлық. Мысалы, егер сыныптасы презентация өткізсе, тыңдаушы мұқият тыңдап отырғанын көрсету үшін көрермендік байланыс пен бас изеуді қолдануға болады.

**Толыққанды тыңдалым** – деп тыңдаушы айтушының сөзін өте мұқият тыңдағанда болатын үдерісті айтады. Тыңдалымның бұл түрінің мақсаты – ақпараттың мазмұнын толық түсіну. Тыңдалым барысында үзіліс жасауға болады, дегенмен тыңдалған ақпаратты жинақтап, перифразалап айту керек. Әсіресе лекция немесе презентацияны түсіну кезінде жиі қолданылады.

**Терең тыңдалым** – толыққанды тыңдалымнан да аса маңызды. Терең тыңдалымда айтушы мен тыңдаушы арасында мазмұнды байланыс орнауы керек. Мұнда бөлшектерді (детальдерді, меңзеулерді) жіберіп алмай, мұқият тыңдау маңызды. Сол арқылы ақпараттың құндылығы анықталады.

**Рефлексивті тыңдалым** – сөйлеушінің хабарламасын түсіну мен қайталауды қамтиды. Рефлексивті тыңдаушы сөйлеушіге шынайы қызығушылықпен жауап береді. Алайда тыңдаушы басқа көзқарасты, пікірді беруге немесе сөйлеушіні сынауға тырыспайды, тек сөйлеушіге жай ғана ақпараттың түсінікті екенін білдіреді. Тыңдаушы айтылғанды қайталай немесе жаза алады, сөйлеушінің сезімдерін бейнелейтін мәлімдемелер жасай алады. Мысалы тыңдаушыдан: «мен бұл жобаны қалай шешуге болатынын білмеймін,»-деп сұраса, рефлексивті тыңдаушының жауабы «Жоба мақсаттарын қалай түсінесіз?»- болуы мүмкін. Бұл кері байланыс айтушыны жоба және оның мақсаттары туралы әрі қарай ойлануға итермелейді.

**Эмпатикалық тыңдалым** – тыңдалымның ең терең деңгейі. Тыңдаушы сөйлеушінің көзқарасын және эмоцияларын, сондай-ақ айтылған хабарды түсінуге тырысады. Эмпатикалық тыңдағанда, тыңдаушы өз көзқарасынан шығып, сөйлеуші тұрғысынан қарауы керек. Еш айыптауды, қате іздеуді көздемейтін тыңдалым түрі. Бірақ бұл тыңдаушының айтушы пікірімен толық келісуін, мақұлдауын білдіреді деген емес, тек ақпаратты айтушы тұрғысынан қарастыруға ұмтылысты көрсетеді [7].

Тиімді тыңдалымды орынды қолдану арқылы тыңдаушы тиімсіз тыңдалымның орын алуына жол бермейді. Сондықтан тиімсіз тыңдалым түрлерін қарастыру маңызды.

Тиімсіз тыңдалым түрлері:

– *Таңдап тыңдау* барысында тыңдаушы айтушының ойын тезірек түсініп алуды көздейді де, кейбір аспектілерге ғана назар аударады. Тыңдаушының әрбір детальді түсіну қабілетін айқындайды, соның әсерінен мазмұнды түгел түсінбеушілікке әкеп соғатынын білдіреді.

– *Ішінара тыңдалымда* тыңдаушының ақпаратты тыңдауға ниеті бар, дегенмен назарын толық шоғырландырмайды. Соның салдарынан ақпарат толық тыңдалмайды. Тыңдаудың бұл түрі жалған тыңдау немесе адамның сұраққа толық және дәл жауап беру, нұсқауларды орындау қабілетіне әсер ету ретінде түсіндірілуі мүмкін.

– *Жалған тыңдалым* – бұл тыңдалымда тыңдаушы басқа адамды/ақпаратты тыңдап отырған/тыңдаған кейіп танытады, шын мәнінде естігенді түсінбейді. Бұл тыңдаушылар ыңғай туындаған кезде күліп, басын иезу арқылы түсінетінін көрсете алады.

Түрлі жағдайларға орай мектепте тыңдалымның тиістісін қолдану арқылы оқушы болашақта тиімді қызметкер және әріптес болу үшін жан-жақты қарым-қатынас жасауға, тыңдаудың толық және терең дағдыларын жақсартуға назар аударады [8].

Ал Вулвин мен Коукли сияқты ағылшын ғалымдары барлық тыңдалым түрлерін талдай келе, ең басты тыңдалымның екі түрі бар екенін дәлелдеген.

### ***Анықтау үшін тыңдау.***



Анықтау үшін тыңдалым алғаш рет өте ерте жаста дамиды – ана құрсағында туғанға дейін болуы мүмкін. Бұл тыңдалымның ең негізгі нысаны болып табылады және сөздердің немесе фразалардың мағынасын түсінуге емес, түрлі дыбыстарды анықтауды қамтиды. Мысалы, ерте бала кезінде ата – ана дауысының дыбыстары ажыратылады: әкесінің дауысы анасының дауысынан өзгеше естіледі. Тыңдалым түрі балалық шақтан ересек шаққа дамиды. Адам есейген сайын, дамып, өмірлік тәжірибе жинақтап, әртүрлі дыбыстарды ажырату қабілеті де жақсарады. Біз әртүрлі дауыстарды танып қана қоймай, дыбыстарды жасау тәсілінде айырмашылықтарды тану қабілетін дамытамыз – бұл дыбыстарды білдіретінін түпкілікті түсіну үшін іргелі қадам болып танылады. Айырмашылықтар көптеген қырлардан, шет тілдерін танудан, сөйлеушінің эмоциялары мен сезімдеріне, өзге тілдің акценттерін ажыратудан тұрады.

Мысалы, айтушының бақытты немесе қайғылы, ашулы немесе қатулы дыбыстарын ажырату қабілеті, сайып келгенде, шын мәнінде айтылатын құндылықтарға құндылық қосады және бұл, әрине, түсінуге көмектеседі. Тыңдаудың әртүрлі дағдылары «тыңдау» қабілеті нәтижесінде пайда болатын визуалды ынталандырумен ұштасқан кезде, дене тілі бізге сөйлеушіні толық түсінуге мүмкіндік береді – мысалы, оның қалай сөйлеуіне қарамастан оның қайғылы екенін тануға мүмкіндік береді.

Мысал келтірсек, сіз өзіңізді түсінбейтін тілде сөйлейтін адамдардың ортасында елестетіңіз. Сіз түсіну мүмкін емес тілде сөйлейтін адамдармен қоршалғансыз. Мүмкін, әуежай арқылы басқа елде өту кезінде болар. Сіз, бәлкім, ерлер мен әйелдер, жас және кәрі адамдарға тән түрлі дауыстарды ажырата аласыз, сондай-ақ дауыстардың ырғағына сәйкес айналаңызда не болып жатқан туралы кейбір түсінік аласыз. Сіз олардың не айтқанын түсінбейсіз, бірақ қоршаған ортаңызды түсінудің кейбір деңгейіне жету үшін әртүрлі тыңдауды пайдаланасыз.

### **Жан-жақты тыңдау**



Жан-жақты тыңдау ақпаратты түсінуді камтиды. Анықтау үшін тыңдалым түрі сияқты жан-жақты тыңдалым да тыңдалымның барлық түрлері үшін іргелі болып табылады. Жан-жақты тыңдалымды қолдану үшін, яғни ақпаратты түсіну үшін тыңдаушы алдымен тиісті лексика мен тілдік дағдыларды меңгеруі қажет. Себебі, шамадан тыс күрделі тілді немесе техникалық жаргонды пайдалану жан-жақты тыңдау үшін кедергі болуы мүмкін. Жан-жақты тыңдалым бір ақпаратты екі адамның екі түрлі жолмен түсіну фактісімен одан да қиындайды. Бұл мәселе сыныпта немесе топтық жағдайда көбейтілуі мүмкін, онда көптеген әртүрлі мәнде айтылғандардан түрлі қорытынды шығарылуы да мүмкін [9].

Жан-жақты тыңдау дауыс үні, қимыл сияқты бейвербалды коммуникациясынан қосалқы хабарламалармен толықтырылады. Бұл бейвербалды сигналдар қарым-қатынасты және түсінуді жеңілдетеді, бірақ шатастырып, түсінбеуге әкелуі де ықтимал. Көптеген жағдайларда тыңдаушы интерпретациялау және рефлексия сияқты дағдыларды пайдалануы маңызды.

Қазақ тіл білімін зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасасақ, тіл сабақтарында қолданылатын тыңдалымның түрін интенсивті немесе экстенсивті тыңдалым деп бөліп қарастыратындығы анықталады [6].

### **ТЫҢДАЛЫМ**

Экстенсивті тыңдалым

Интенсивті тыңдалым

Экстенсивті тыңдалым бойынша оқушы өзін қызықтырған материалын тыңдайды, сол арқылы тілін жетілдіреді, сөздік қорын молайтады. Оқушының табиғи сөйлеу тілін тыңдау арқылы тілді еркін меңгеруіне септігін тигізеді. Кейбір оқушылар өздігінен тыңдалымға ұмтылмаса, оларға бағыт беріп, арнайы тапсырмалар беріледі. Сондықтан да экстенсивті тыңдалым оқушының тыңдалым дағдысын мақсатты дамыту бағытында қолданылады. Тыңдалым арқылы оқушылар өз мұғалімінен басқа адамдардың дауысына, сөйлеу мәнеріне,

жылдамдығына үйренеді, сөздерді дұрыс айта білуге, нәтижесінде еркін сөйлеу мүмкіндігіне ие болады. Тыңдалым орындау барысында оқушылар түрлі жанрлық өзгешеліктері бар мәтіндерді тыңдайды, ондағы табиғи тіл қолданысын игереді. Мұндай тыңдалым материалдарының артықшылықтары мен кемшіліктері қатар жүреді. Басты артықшылығы оқушы тыңдалымның дұрыс ести алмай қалған тұсын қайталап тыңдай алады. Ал негізгі кемшілігіне сыныптың акустикасына байланысты оқушылар тыңдалымды анық ести алмай қалуы мүмкін. Интенсивті тыңдалымды жүзеге асырудың тағы бір түрі – ол оқушының бетпе-бет таза тіл иесімен кездесуі (мәселен, 10-15 жыл жұмыс істеген ағылшын тілі пәнінің мұғалімінің өзі тыңдалым дағдысы қалыптаспаса кез келген шетелдіктің сөзін ұға алмайды, ал үнемі әдеби-көркем мәтіндерді оқитын болса, бірден қатынасқа түсе алмайды).

Тыңдалымға жазба тілден едәуір ерекшеленіп тұратын сөйлеу тілі таңдалады. Тыңдалым арқылы дыбыстардың дұрыс айтылуын үйренеміз, мағынаны ұғамыз, мазмұнын игеру арқылы білімді толықтырамыз. Демек тыңдалым оқушының сөйлеу тілін түсінуіне ықпал етеді. Тыңдалым барысында оқушы тыңдалым мәтінінің көптеген түрлерімен танысады. Олар: әңгіме, жарнама, ән, нұсқаулық, дәріс, жаңалық т.б. осы аталғандардың барлығының өзіндік тілдік ерекшеліктері бар. Кей жағдайларда жай ғана дыбыстар естіледі. Сонымен қатар тыңдалым материалдарының жылдамдығы да түрлі болып келеді. Кейбір сөздер анық естілмей, олардың әріптері жұтылып кетеді, интонациялары да контекске байланысты құбылып тұрады.

Г.Д. Ушакова өз зерттеуінде тыңдалымның түрлерін (кесте 5) былайша топтастырады:

*Кесте №5. Г.Д. Ушакова бойынша тыңдалым түрлері:*

| Тыңдалым түрлері               |               | Мақсатты сипаттамасы                                                                                    |
|--------------------------------|---------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мазмұнды қамту көлеміне сәйкес | Жаһандық      |                                                                                                         |
|                                | Детальді      | Ақпаратты жан-жақты толық түсіну, интерпретациялап қайта айту, алдағы уақыттағы тәжірибеде қолдана алу. |
|                                | Конструктивті | Ақпараттағы негізгі және қосымша ақпаратты анықтау, олардың арасындағы мағыналық байланысты орната алу. |
|                                | Таңдамалы     |                                                                                                         |
| Бағалау деңгейінде             | Сыни          | Тыңдаушыны қызықтырған ақпаратты іріктеп алу. Ақпараттың шынайылығын анықтау, құндылығына баға беру.    |

Ғалымның топтастыруын талдап көрсек, жаһандық тыңдалымда мәтіннің мазмұнын жалпы қабылдау, онымен жалпы танысу, пікір не туралы, оның негізгі ойы қандай екенін түсіну жеткілікті екенін айтады: оқушылар мынадай сұраққа жауап береді: «тыңдалған мәтінді қалай атауға болады?». Жаһандық тыңдалым көбіне көркем шығармаларды оқығанда қолданылады. Нәтижесінде оқушылар жаһандық тыңдалымның тәсілдерін меңгереді: тыңдаушы сөйлеушіні бөлмейді, бас изеу, күлімсіреу сияқты ым-ишараларды көрсетіп отырады, қысқа репликаларды қолдана алады. Оқушыларға бүгін теледидардан не туралы хабарлағаны туралы қысқаша айту ұсынылады: оларды не таңқалдырды немесе қуантты, мүмкін ренжіткені туралы айтып беруі [10].

Детальді тыңдалымда ақпарат мазмұнына тереңірек үңілуді, негізгі және қосымша ақпаратты ажыратуды көздейді дейді ғалым. Оқушылар ауызша айтылған ақпаратты тыңдай отырып, оны жазбаша да, ауызша да баяндауға дайын болуы керек, сол үшін мұқият, егжей-тегжейлі тыңдайды. Оқушылар детальді тыңдалымның тәсілдерін меңгеріп, сұрақтар қоюға, нақтылап алуға, басқаша айтуға, интерпретациялауға дағдыланады.

Сыни тыңдалымның негізінде егжей-тегжейлі қабылдау, ақпаратты бағалау, өз көзқарасын білдіру сияқты терең дағдылар жатыр. Оқушылар өздері жақсы білетіндерін, мысалы, сыныптастардың өлеңдерді жатқа оқуын сын тұрғысынан тыңдайды. Сын тұрғысынан тыңдау оқу үдерісінде, әсіресе, пікірталаста, сұхбаттасушының пікірін сыни қабылдау жағдайында, басқа көзқарасты түсіну ғана емес, сонымен қатар өз ұстанымын дәлелдеу қажет болғанда орын алады. Оқушылар тыңдалым барысында мәдени мінез-құлық ережелерін меңгергенін көрсетулері тиіс: сөзді бөлмеу, босқа таласпау, мәселенің мән-жайын толық түсінбей қарсы шықпау. Сыни тыңдалым кезінде адамның тәрбиелілік деңгейі айқындалады, тіпті көзқарастардың алшақтығы жағдайында да сұхбаттасушының пікірін құрметтеуге қабілеті көрінеді. Сонымен қатар ғалым бастауыш мектепте сыни тыңдалым өз нәтижесін бермесін ескертіп, жоғары сыныптарда оқушылардың жоғары деңгейлі ойлауына оң ықпалын тигізетінін айтады.

Түрлі дереккөздерді талдау барысында жалпы отандық, ресейлік және шетелдік тыңдалым түрлеріне ортақ тыңдалымның екі негізі түрі анықталды. Олар-рефлексивті емес және рефлексивті тыңдалым.



### **Рефлексивті емес тыңдалым**

тыңдалым техникасын меңгерудің бірінші кезеңі болып табылады, яғни сұхбаттасушының сөзіне араласпай немесе аз араласып мұқият үнсіз тыңдау. Басқаша айтқанда, сұхбаттасушыға оны түсінетінін білдіру үшін көзбен байланыс орнатып, бас изеу сияқты бейвербалды сигналдарды, сонымен қатар «жақсы»,

«түсінікті», «иа» деген қарапайым ғана сөздерді қолданасыз. Рефлексивті емес тыңдалым айтушы үшін ең керек тыңдалғанын қалайды. Осы мәселеге сәйкес жасалған бір тәжірибеде бірнеше адамға кез келген тақырыпта өз сөзін таспаға жазу ұсынылады. Және де сөйлеудің ұзақтығына сәйкес ақы төленетіні ескертіледі. Кейбір қатысушылар бірнеше күн қатарынан сөйлесе, кейбірі өздерін өте жақсы сезінгендерін айтты. Себебі оларға алғаш рет ішіндегісін толық айтуға мүмкіндік туған екен. Ал көпшілігі ақы алудан бас тартып, таспаға сөйлеудің кез келген тыңдаушымен сөйлескеннен жақсы екенін бағалады. Тіпті рефлексивті емес тыңдау кезінде де сұхбаттасушымен қарым-қатынасты едәуір жеңілдетуге болады, өйткені, елуесіз ғана назар белгісі сөйлесуді жалғастыруға итермелейді (сіз сөйлеп отырған кезде тыңдаушы қозғалмастан, үндеместен отырса қалай болатынын елестетіп көріңіз).

Қандай жағдайда рефлексивті емес тыңдалымды қолданған орынды:

- егер әңгімелесуші өз көзқарасын білдіргісі келсе;
- егер әңгімелесуші өз проблемалары/мәселелері туралы айтса;
- шиеленісті жағдайларда;
- лауазымы бойынша жоғары тұрған адаммен сөйлескен кезде (егер, мысалы, сізді басшы сынға алса).

Осылайша, рефлексивті емес тыңдалым көп жағдайда дискуссиялық емес сөйлесулерде немесе даулы жағдайдың пайда болу қаупі кезінде қолданылады. Әсіресе басшылар үшін тыңдай білу өте маңызды. Зерттеулер көрсеткендей, басшы өзінің қарамағындағыларды тыңдай алатын мекемелерде еңбек өнімділігі әлдеқайда жоғары болады екен.

Алайда, әдетте, іскерлік қарым-қатынас кезінде бір рефлексивті емес тыңдаулар жеткіліксіз, сондықтан тыңдалымның техникасын меңгерудің бірінші кезеңі ғана екенін әрдайым есте сақтау қажет. Екінші кезең-рефлексивті тыңдалым.

**Рефлексивті тыңдалым** айтылған ақпаратты тыңдаудан басқа, оның шынайы мағынасын анықтап, айтушының пікірін бейнелеуді көздейді.

Рефлексивті тыңдалымда айтушыны қолдаудың келесі тәсілдерін қолдану ұсынылады:

– Анықтау, нақтылау: «мен түсінбедім», «тағы бір қайталаңыз...», «сіз нені меңзейсіз?», «түсіндіре аласыз ба?» сияқты сөздерді қолдану;

– Парафраз, яғни сіз оны дұрыс түсінгеніңізге көз жеткізу үшін айтушының сөздерін өз сөздерімен қайталау: «сіз солай ойлайсыз ғой...», «басқа сөзбен айтқанда...»;

– Сезімнің көрінісі: «менің ойымша, сіз солай сезінесіз...», «түсінемін, сіз қазір ашулысыз...», «одан әрі...»;

– Жалғастыру, яғни, айтушының сөзін өз сөзімен аяқтау немесе меңзеп жіберуі;



– Бағалау: «сіздің ұсынысыңыз қызықтырады», «маған ұнамайды»;  
– Түйіндеу: «сонымен, сіз ойлайсыз...», «сіздің сөздеріңіз... білдіреді».

Тыңдалымның мұндай түрі әңгімелесушінің айтқанының мағынасын дұрыс түсіну қажет болған кезде, сондай-ақ айтылған ақпараттың бұрмалануын болдырмау үшін қолданылатыны байқалады.

Қорыта келе, Дейл Карнеги айтпақшы «Адамдарға ықпал студия құпиясы сөйлей білуде емес, жақсы тыңдаушы бола білуде» екенін айтқымыз келеді. Сондықтан тыңдалымның қай түрін алсақ та ең маңыздысы жақсы тыңдаушы бола білу.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1 Құнанбаев А. «Қарасөздер, поэмалар». – Алматы, «Ел» баспасы, 1993

2 Peter Hudson. Listening in school. Five reasons why listening is important for teachers <https://consiliumeducation.com/itm/2016/09/28/why-listening-is-important-for-teachers/>

3 Бредихина И. А. Методика преподавания иностранных языков: Обучение основным видам речевой деятельности : учеб. пособие. — Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2018.

4 Оразбаева Ф. «Тіл әлемі». Мақалалар, зерттеулер/Фаузия Оразбаева.- Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2009

5 Беркли-Ален М. Забытое искусство слушать. — СПб.: Питер Пресс, 1997.

6 Жаңартылған білім беру бағдарламасы, негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес), Астана, 2018.

7 <https://www.indeed.com/career-advice/career-development/types-of-listening>

8 <https://www.skillsyouneed.com/ips/listening-types.html>

9 Wolvin, A. & C. G. Coakely. (1996). Listening (5th edition). Dubuque: Brown & Benchmark Publishers

10 Ушаков Г. Д. Виды слушания. Методика обучения студентов слушанию как профессиональному умению.- М, 1996.

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ**

**ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ**

**FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION**

## **БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ БУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІ**

**Г.М. Аралбаева**

*Педагог–психолог, №36 Н. Сауранбаев атындағы негізгі мектеп, Жамбыл обл., Қордай ауд.*

Мақалада буллинг маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселе ретінде қарастырылады. Буллингке психологиялық тұрғыдан анықтама беріліп, оның түрлері аталады. Білім беру мекемелерінде буллингтің таралуы туралы сауалнаманың нәтижелері келтірілген. Буллингтің алдын алудың кейбір әдістері сипатталған.

**Түйін сөздер:** буллинг, буллинг түрлері, Д. Олвеус, мектептегі зорлық-зомбылық.

Бүгінде буллинг әлем мектептерінде кеңінен таралып отыр. Буллинг сөзі ағылшын тілінің «bully» – «қорқыту» ұғымын береді. Бұл физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді білдіреді. Мұндай теріс әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да әдістер түрінде болуы мүмкін.

Буллинг – бұл білім беру психологиясының ерекше құбылысы. Алайда, бұл термин бастапқыда ересектер топтарын зерттеу процесінде пайда болды. Буллинг кез-келген жабық қоғамдастықта болады.

1980 жылдары Норвегия мен Швецияда психолог Д.Олвеус жүргізген алғашқы анонимді зерттеу көрсеткендей, балалардың 15 %-ы үнемі қудалау жағдайына тап болады. Оның 9 %-ы құрбан, 7 %-ы қудалаушылар болған [1]. 2007 жылғы мәліметтер бойынша, АҚШ-та оқушылардың 32 %-ы мектептегі қорлау, мазақ ету, қауесет тарату, ұру, түкіру, қорқыту, қарым-қатынастан бас тарту тәжірибесінен өтіп, олар өздері қаламаған немесе мүлкін бүлдіруге мәжбүр болған [2].

1993 жылы норвегиялық психолог көптеген жылдар бойы осы тақырыпта зерттеулер жүргізген ғалым Д. Олвеус балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллингтің қазіргі кезде қабылданған анықтамасын жариялады. Оның пікірінше, буллинг – бұл әлеуметтік күш немесе физикалық күштің теңсіздігін қамтитын қасақана, жүйелі түрде қайталанған агрессивті мінез-құлық [1]. Оның жұмысы буллинг құбылысын психология ғылымының кеңістігіне енгізді және бұл тақырып тез арада әлемдік психологияның тенденциясына айналды.

Зорлық-зомбылық мәселесі ғылыми білімнің көптеген салаларында қарастырылады, атап айтқанда философияда, психологияда, педагогикада,

әлеуметтануда және т.б. Бұл шетелде де, біздің елімізде де білім беру мекемелеріне әсер еткен маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселе. Зорлық-зомбылық көріністерінің бірі – буллинг. Бұл құбылысты зерттеудің өзектілігі өте жоғары, өйткені оның қатысушылары үшін бұзақылықтың салдары психологиялық жарақаттан жәбірленушінің немесе агрессордың мінез-құлық үлгілерін шоғырландыруға дейін, тіпті өз-өзіне қол жұмсауға дейін өте қиын болуы мүмкін.

Психологиялық әдебиеттерде буллинг (қорқыту) термині белгілі жағдайда өзін қорғай алмайтын жеке тұлғаға қарсы ұзақ (топтық немесе жеке) физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық процесін тудыратын әртүрлі әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық мәселелердің жиынтығы ретінде түсініледі [3].

Буллинг – зорлық-зомбылықтың түрі және оны әртүрлі тәсілдермен білдіруге болады. Норвегиялық психолог Д. Олвеус келесі түрлерді ажыратады:

- сөзбен қорқыту;
- әлеуметтік оқшаулануға бағытталған буллинг;
- физикалық қорлау;
- жәбірленуші туралы өтірік немесе жалған қауесеттерді қолдану арқылы қорқыту;
- агрессия: ақшаны немесе басқа заттарды алып қою, оларды бұзақылықпен зақымдау;
- қандай-да бір әрекеттерді жасауға қорқыту немесе мәжбүрлеу;
- нәсілдік буллинг;
- жыныстық буллинг және т.б. [1].

Басқа зерттеушілер буллингтің осы түрлерімен қатар басқа нұсқаларды атап көрсетеді. Д. Лейн бойынша буллингтің жіктелуі қарапайым және түсінуге оңай. Ол буллингтің екі түрін қарастырады – психикалық және физикалық.

Буллинг әсіресе жасөспірімдер тобында жиі кездеседі, өйткені білім беру ортасында жасөспірімнің жеке басы құрдастарымен топтасу арқылы қалыптасу кезеңін басынан өткереді. Осыған байланысты құрдастарының қабылдамауы жасөспірімдегі суицидтік мінез-құлық үрдісін анықтайтын факторлардың бірі және білім беру ортасындағы әлеуметтік қауіп факторы болуы мүмкін [4].

Зерттеуші В.Н. Бутенко мен О.А. Сидоренко буллинг оның қатысушыларын екі жаққа бөлетінін атап өтті. Кейбіреулер құрдастарының немесе басқа адамдардың агрессиясынан зардап шегеді. Басқалары өзін-өзі растау және көңіл көтеру мақсатында жәбірленушіге деген өшпенділікті қоздырады [5]. Сонымен бірге көптеген зерттеушілер, соның ішінде шетелдік зерттеушілер, буллингке қатысушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттей отырып, бұзақылық жағдайға қатысушылардың үш

жағын (рөлдерін) – жәбірленушіні, куәгер мен кудалаушыны ажыратады. Бұзақылық топтардың құрамына қатысты басқа да көзқарастар бар. Сауалнама нәтижелері бойынша барлық респонденттердің 5,71 % -ы өзін кудалаушылар тобына жатқызады.

2018 жылдың желтоқсан айында Ресейлік мамандар Омбы мемлекеттік аграрлық университетінде жасырын сауалнама жүргізеді. Бұл сауалнама жануартану, тауартану және стандарттау факультетінің 3-4 курс студенттері арасында жүргізілген. Сауалнамаға ұлдар да, қыздар да қатысқан.

Сауалнамада «Сіз университетте оқу барысында буллингпен (бұзақылықпен) кездестіңіз бе?» деген сұрақ пен мынадай жауап нұсқалары берілген:

1. «Иә, мен кездестім»;
2. «Жоқ, тек мектепте»;
3. «Мен кездескен жоқпын».

Сауалнама нәтижелері бойынша 70 %-дан астамы университетте буллингпен кездеспегендерін, бірақ мектепте кездескендерін айтты. Сауалнамаға қатысушылардың шамамен 15 %-ы университетте буллингпен кездескендерін және респонденттердің 6 %-ы бұл құбылысты кездестірмегендерін айтты. Бұдан шығатыны жоғары оқу орындарындағы зорлық-зомбылық мәселесі орта білім беру мекемелеріндегідей өткір болмаса да, әлі де бар.

Сонымен қатар, қатысушылардан әңгіме түрінде олар қандай бұзақылықпен кездесті немесе қандай бұзақылық туралы естігендігі туралы сұралған. Олардың жартысынан көбі мектеп жасында ауызша буллингті (жала жабу, артынан өсек айту) кездестірдік деп жауап берген. Жәбірленушілерді қорлау арқылы әлеуметтік оқшаулауға тырысу оқиғалары да кездескен. Сондай-ақ, физикалық қорқыту, яғни «тепкілеу», «шаш алу», «төбелес» түрлері кездескенін айтқан.

Студенттік кезеңде қатысушылар атап өткендей, жәбірленуші туралы өтірік немесе жалған өсек көмегімен қорқыту жағдайлары болған. Сауалнамаға қатысушылар «біз ересекпіз» мотивін қолдана отырып, оқушылар ортасындағы бұзақылық деңгейі мектеп жағдайына қарағанда әлдеқайда төмен деген пікірлерін білдірген.

Сауалнамаларға сәйкес, білім беру ұйымдарындағы буллинг мәселесі бүгінгі күні өзекті болып қала береді. Бұл буллингтің алдын алу немесе оны әлеуметтік төзімділік деңгейінде сақтау технологияларын жедел түрде дамыту қажеттігін білдіреді. Зорлық-зомбылықтың кез-келген түрімен күресудің әдістері мен әдістерін енгізе отырып, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Сонымен, 12 жасқа дейін мектепте буллинг мәселесін шешу оңайырақ, өйткені бұл жаста оқушыларда адамгершілік қағидалары әлі

қалыптаспаған және олар мұғалімнің пікіріне сүйенеді. Мұнда бастауыш мектеп жасындағы балалармен әңгімелесу, айыптау тиімді әдістемелер болады.

2018 жылы еліміздегі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының «Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінезқұлқы» тақырыбындағы зерттеу тобы жасөспірімдер арасындағы денсаулық пен әл-ауқат көрсеткіштерін зерделеу мақсатында қазақстандық оқушылар арасында сауалдама жүргізді. Осы сауалдама жүргізу барысында, соңғы екі айда олардың буллингке немесе кибербуллингке қаншалықты жиі қатысқанын, өздері оның құрбандарына айналғаны жайлы сұрақтар қойылды. ДСҰО зерттеу тобы ғалымдарының айтуынша, буллинг құрбандарының да, қатысушыларының да ілеспе және болашақта психикалық денсаулыққа байланысты проблемалары бар. Белгілі болғандай, 11-15 жастағы жасөспірімдердің 17 %-ы мектепте айына бір немесе бірнеше рет буллинг құрбаны болған. Бұл ретте ауылдықтармен салыстырғанда қала оқушылары жиі зардап шегетінін айтқан [6].

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау көрсеткендей, білім беру мекемелерінде буллингпен күресудің тиімді әдістері қазірдің өзінде тексеріліп, енгізіліп жатыр:

– Link crew немесе «Байланыс жасағы» – бұл әдістемеде жазғы демалыстан бір апта бұрын кететін студенттер көшбасшыларынан «Байланыс жасағын» жинау жоспарланған. Олардың міндеттеріне қорқытуды қадағалау және жәбірленушілерді бұзақылардан қорғау кіреді, сонымен қатар олар бұзушыны «орнына қоюы» керек.

– «Әкелер кеңесі» – бұл әдіс Қазақстанда қолданылады. Бұзақылық істерді 4 адамнан аспайтын атақты әкелер кіретін сайланбалы орган – Әкелер Кеңесі қарайды. Әрбір мектептен әділеттілікке жауап беретін және қорғаушы әкені, ішкі істер органдарының, прокуратураның қызметкерін немесе заңгерді, немесе жетекшіні немесе әскери адамды таба аласыз. Әкелер кеңесі қорқыту жағдайларын мұғалімнің немесе жәбірленуші оқушының өтініші бойынша қарастырады және бұзақыға қатысты санкциялардың орындалу сатысына жеткізілуін қамтамасыз етеді. Әдетте, алғашқы прецедент мектепте бұзақылықты тоқтатады.

– Фарст әдісі (Die Farsta Methode). Бұл әдісті буллинг жағдайында жедел әрекет ете алатын арнайы дайындалған 5-6 оқытушыдан тұратын топ жүзеге асырады. Осы техникамен жұмыс істегісі келетін адам белгілі бір білім мен тәжірибеге ие болуы керек, бұл буллердің қарсылығына барабар жауап беруге мүмкіндік береді.

– «Қадам дөңгелегі» әдісі – тиімді, бірақ қымбат әдіс болып табылады. Әңгімелесу барысында қатысушылар кінәліні, куәгерді және жәбірленушісін зерттеу үшін бір-бірінен оқшауланады.

– «Мектеп ережелері» әдісі – мектепке кіргенде немесе бір мектептен екіншісіне ауысқан кезде оқушының ата-анасынан мектеп ережелерімен таныстыру сұралады. Ата-аналар бұл ережелерді баласына жеткізуі керек. Онда ең қажеттісі – мектеп формасына, ұялы телефондарға, сағызға, роликтерге және буллингке қатысты ережелер. Позиция нақты айтылады-қорқытуға жол берілмейді. Парактың төменгі жағында ата-аналардың қолы қойылады [7].

«Көрінбейтін» буллинг факторларын зерттеу өте қиын. Отбасында, кәсіби салада, күнделікті өмірде, білім беруде және медицинада зорлық-зомбылық пен билікті асыра пайдалану компоненттері болғанымен, зерттеушіге зорлық-зомбылық пен оны қолдайтын жағдайларды әдеттегі ұйымдастырылған жағдайда ажырату қиын. Осы қиындықтарды жеңу үшін мұғалімдермен буллинг жағдайларын, олардың барлық қатысушыларға әсерін, оқу тобындағы психологиялық климаттың өзгеру тәсілдерін өзгерту бойынша білім беру жұмыстары қажет.

Жалпы, буллинкті зерттеудің үш негізгі тәсілін атауға болады. Біріншісі – «диспозициялық» тәсіл. Бұл тәсілде баланың жәбірленуші немесе агрессор екендігіне ықпал ететін қудалау, интраперсональды алғышарттарға қатысушылардың жеке ерекшеліктеріне назар аударылады. Екіншісі – «жедел» тәсіл. Мұнда өмір бойы тәуекелді жүзеге асырудың біркелкі еместігін зерттейді және өмірдегі оқиғаларға байланысты сезімталдық кезеңдерінің болуына баса назар аударады. Бұл кезде баланың осалдығы артады және буллинг жағдайында агрессордың немесе құрбанның рөлін игеру қаупі артады. Үшіншісі – «контекстік» тәсіл, қоғамдағы ортаның, топтың микроклиматын және қауымдастықтағы жүйелік процестердің рөлін ерекше атап өтеміз, өйткені адамдар арасындағы өзара әрекеттесудің басым тәсілі күш теңсіздігіне негізделген әдіс болып табылады. Контекст жеке тұлғалық алғышарттарды өзектендіреді және буллинкті тәуекелдер санатынан шындық категориясына ауыстырады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, келесі қорытынды жасауға болады:

- биллинг – бұл деструктивті агрессивті мінез-құлықтың түрі;
- бұл құбылыс білім беру ұйымдарында жиі кездеседі;
- оны болдырмау және жою және зорлық-зомбылықтың кез-келген көріністерінен бас тарту мен оған қарсы іс-қимыл жасаудың нақты этикалық ұстанымын қалыптастыру үшін бұл мәселеге көбірек көңіл бөлу керек.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1 Olweus D. Bullying at school: What we know what we can do. N.Y.: Wiley-Blackwell, 1993. 140 p.

2 Robers S., Zhang J., Truman J., Snyder T.D. Indicators of school crime and safety. 2010. [Электронный ресурс]. URL: <http://nces.ed.gov/pubs2011/2011002.pdf>

3 Лейн Д.А. Школьная травля (буллинг) // Детская и подростковая психотерапия / Под ред. Дэвида Лейна и Эндрю Миллера. – СПб.: Питер, 2001. – С. 240–274.

4 Собакин В. С., Смыслова М. М. Буллинг в стенах школы: влияние социокультурного контекста // Социальная психология и общество – 2014 – Т.5 – №2 – с. 71-86.

5 Бутенко В. Н., Сидоренко О. А. Буллинг в школьной образовательной среде: опыт исследования психологических особенностей «обидчиков» и «жертв» // Вестник красноярского государственного педагогического университета им. В. П. Астафьева – 2015 – № 3 (33) – С. 138-143.

6 Анаш Д. Буллинг құрбаны – жасөспірімдер. 27 қаңтар 2020. [Электронный ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/218682-bulling-qurbany-%E2%80%93-dgasospirimder>

7 Истомина А.А., Морнов К.А. Методы профилактики буллинга в современной школе // Труды Братского Государственного Университета. Серия: Гуманитарные и социальные науки – 2018 – № 1 (12) – С. 15-20.

**SRSTI 14.15.01**

## **PROBLEMS AND PROSPECTS OF ONLINE LEARNING UNDER QUARANTINE**

**L.M. Kasymbekova**

*Boarding school, college, Kazakh National Academy of Arts named after T.K. Zhurgenova, Almaty*

The purpose of writing this article is to identify the main stages in the work of a teacher when conducting distance online classes, as well as to identify the positive and negative aspects of the work process.

**Keywords:** distance education, educational strategy, innovation, distance learning, modern technology.

The urgent introduction of distance education in the educational process in connection with the COVID-19 pandemic has turned into a spontaneous experiment that required emergency decisions, search for effective mechanisms for implementing the educational process and analysis of what is happening.



The capabilities of modern digital technologies allowed us to quickly configure the information component of training and control the knowledge of students.

A detailed analysis of the communication of the teaching staff among themselves and the analysis of the features of teaching and self-education when learning English using the Google classroom, Moodle, Telegram messenger platforms, etc. the issues of communication relations between teachers and students, the language of instruction, logistics of distance education and methodological problems are described in Detail.

Modern students know that English is not a luxury, but a necessity. Knowledge of the language increases competitiveness in the labor market, increases the chances of finding a prestigious job. But what should a student who combines study with work do when there is not enough time for regular attendance of English classes? In this situation, it becomes relevant to learn English remotely, without direct contact with the teacher.

And yet, despite the seeming contradiction, distance learning of a foreign language in our College is used actively and productively because of its undeniable advantages.

1. The teacher has the opportunity to use publicly available electronic textbooks that are necessary for deeper language learning; video and audio recordings, a virtual library with publications of such series as Basic Survival, Headway, Opportunities, electronic dictionaries for better translation of professionally oriented texts, such as Multitran, Prompt.

2. You can create online tests with the ability to instantly test your knowledge and skills using the Moodle program, which is very convenient and saves time.

3. Individual remote lessons can be recorded and played back at any time if the student needs to remember, clarify or refresh the material passed - that is, the teacher does not need to repeat the same material repeatedly [1].

4. Distance learning opportunities help an English teacher to competently create an individual program for each specific student in accordance with the specific goals and objectives of the student.

At the present stage of development of society, information technologies have a great impact on our life, in this situation knowledge of foreign languages is necessary for successful activities. Modern world educational standards are aimed at training a highly qualified, thinking person and creatively developed, able to quickly adapt in the world [2].

The purpose of writing this article is to identify the main stages in the work of a teacher when conducting distance online classes, as well as to identify the positive and negative aspects of the work process.

Writing skills in online classes can be trained in various ways, depending on the goals set. For some students, during the lesson, you can recommend

writing various essays, as well as written messages that young people use on a daily basis. When learning a business foreign language, it is better to focus on writing business letters on various topics; you should start with a simple business letter to the partner and end, for example, with the company's financial report.

In order to quickly overcome the language barrier, the student should communicate a lot, since the main goal of learning a foreign language is to learn to speak it fluently faster.

It must be remembered that for each distance lesson, various speech exercises should be performed that will motivate the student to communicate. These tasks include watching and discussing various fragments from films, followed by expressing opinions, discussing proverbs, etc. For such work, short dialogues, stories are suitable, it is good if they have additional illustrations.

Many students do not like doing homework, but regular monitoring will help develop student independence and self-organization. After conducting an online lesson, the teacher should select and send to the student's e-mail homework in electronic form, which he must independently complete and send to his teacher for verification before the start of the next lesson. The teacher should then correct the mistakes so that they can be discussed before the next lesson. Doing your homework should be regular, but not boring and boring.

Thus, it follows from the above that, despite the existing difficulties and disadvantages in online classes, distance learning has many advantages in that it erases spatial barriers, allows you to learn the language together with its native speakers from different countries. Students get the opportunity to develop skills such as tolerance, willingness to seek a compromise solution and respectfully treat other people's opinions.

Therefore, we can conclude that distance learning helps to solve some of the psychological problems of young people, expands their communicative sphere, and contributes to the development of motivation to learn. In our opinion, in the future, education will be continuous, regardless of where the student is. To achieve all of the above goals, features of the process of teaching a foreign language, online classes will increasingly be used. The best way out, in our opinion, is to introduce elements of distance learning into traditional education, which will help improve the quality of education and increase the demand for educational services.

## References

1 Grigorenko S.E., Sagalaeva I.V., Fisunova N.V. Online lesson as one of the forms of distance learning of a foreign language at a university // modern problems of science and education. - 2019. - No. 5.

2 Bakach E.V., Shutko Yu. B. Problems and prospects of distance learning in the institution of additional professional education // Scientific and methodological support for assessing the quality of education. - Chelyabinsk, 2018.

FTAMP 14.07.07

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАРЫСЫНДА ЭВРИСТИКАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Е.Д. Бекболғанов**

*П.ғ.к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Мақалада шығармашылық сипаттағы зияткерлік іс-әрекеттің әр түрлі типтері қарастырылады. Шығармашылық тұрғыда берілген оқу-танымдық іс-әрекетті эвристикалық бағытта ұйымдастыру бойынша жүргізілген зерттеулер, оқыту тәжірибесінде қызықты әдістемелік зерттеулер келтірілген. Тақырыпты ашу барысындағы келтірілген ғылыми ұстанымдар эвристиканың жалпы теориялық жағдайында, эвристикалық процестің логикалық негіздерінде қатысты құрылған. Жалпы алғанда оқушы іс-әрекеті эвристикалық процесте жүреді, сонымен қатар, әрбір білім беру мекемесінде оқу-танымдық іс-әрекетті жүзеге асыруға бағытталаған жүйе бар, ол оқушының шығармашылық белсенділігін қалыптастыруды мақсат тұтқан мұғалімнің белгілі бір жұмысты ұйымдастыруға ықпал ететін құралы болып табылады. Сонымен бірге мақалада эвристикалық оқыту идеяларының жағдайлары анықталған.

**Түйін сөздер:** шығармашылық, танымдық белсенділік, эвристикалық оқыту, мектеп, мұғалім, оқушы, интеллект, педагогикалық практика

Қазіргі жалпы білім беретін мекемелердің алдында жаңа мақсаттар тұр, олар: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, баланың өзін-өзі дамытуын жүзеге асыруға ұмтылуын қамтамасыз ету. Әсіресе адамгершілікке, имандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу маңызды бағыттар болып табылады.

Қазіргі кезде білімді меңгерудің шығармашылық тәсілін зерттеу принципін қолдану, оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық дербестігі мәселелерін әзірлеу және мектеп практикасына проблемалық оқытуды енгізуге байланысты қарастырылды.

«Қазіргі таңда технология мен техниканың тез дамыған заманында бізді ескі әдістемелер қанағаттандырмай отыр» [1].

Шығармашылық ақыл-ой мен есте сақтау процестерін жандандырады, оқытуға дамытушылық сипат береді. Білім беру жүйесіндегі

шығармашылық мәселесі өзекті және психологиялық, педагогикалық, әдістемелік ғылымдарды зерттеу объектісі болып табылады.

Адамның айқын шығармашылық сипаттағы зияткерлік іс-әрекеті, көптеген ғылыми салалар үшін орталық зерттеу объектілерінің бірі болады. Оларға: зияткерлік іс-әрекеттің әртүрлі типтерін (алгоритмдік, эвристикалық және шығармашылық) ұйымдастыру және теориялық тұрғыда бөлу, өзін-өзі ұйымдастыру ерекшеліктерін қарастыру және әртүрлі пәндік салаларда жүзеге асыру, сонымен бірге машиналық имитация мүмкіндіктерін (логикалық және эвристикалық бағдарламалау) зерттеу жатады. Бұл зерттеулердің барлығы алдыңғы қатарлы ғылыми маңызы бар, өйткені олармен адам интеллектінің күрделі функционалдық-құрылымдық мәніне (әрекеттегі ойлау) барынша терең ену мүмкіндігін, оның оңтайлы дамуы мен жүзеге асырылуы мақсатынд байланыстырады.

Жоғарыда аталған ғылыми зерттеулер кезеңінің педагогикалық маңызды құрамдас бөлігі мыналар:

- объективті мәні бар шығармашылықтың субъективті мәні бар (оқу-танымдық) шығармашылық заңдылықтарымен үйлесуі және дидактикалық негізделген бейімделуі;

- үздіксіз білім беру мазмұнына, атап айтқанда, жалпы орта білім беруге жүйелі түрде қосу.

Бұл құрамдас бөліктер арқылы мұғалім оқушылардың ізденуін және экстраполяциялық іс-әрекетін басқаруын анықтайды және соның негізінде олардың шығармашылық оқу-танымдық іс-әрекетінің тәжірибесін мақсатты түрде қалыптастыруларын қадағалайды. Мұғаліммен дидактикалық өзара әрекеттестікте оны сатып алу-оқушылардың кейінгі тұлғалық өзін-өзі дамытуға қажетті шарт.

Объективті маңызды ғылыми шығармашылық үдерістерін эвристикалық тұрғыда ұйымдастырудың әдіснамасы табысты түрде қолданылады. Бұл ретте эвристика дербес ғылыми аймақ ретінде түсінуден туындайды. Эвристикалық заңдылықтарды қолдануға негізделген шығармашылықтық тұрғыдағы білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде ол қолданылмайды десек те болады. Шығармашылықты зерттеген көптеген ғалымдар эвристиканың дифференциациясы үрдісін атап өтіп, оның білім беру саласын қалыптастырудағы қажеттілігін көрсетеді, алайда мәселе көбінесе эвристиканың заңдылықтарын пайдалана отырып, білім беру жүйесін құру қажеттілігін анықтау тұрғысынан қарастырылады.

Шығармашылық оқу-танымдық іс-әрекетті эвристикалық тұрғыда ұйымдастырудың педагогикалық тәжірибесін теориялық-әдіснамалық бағытта түсіну нәтижелері оқытудың нәтижелі әдістері мен түрлерін оңтайландыруға бағытталған. Сонымен бірге мұндай іс-әрекетті мұғалімнің қаншалықты басқаруына және оқыту әдісін (түрін) қолдануына байланысты. Мысалы, А.М. Матюшкин дәстүрлі проблемалық оқытудың

кемшіліктерін қарастыра отырып, оларды проблемалық оқыту тек оқушылардың алдында проблемалар қою ретінде ғана түсініледі [2]. Олардың шешімін ұйымдастыру процесі кез келген басқарудан тыс қалады. Осыған ұқсас көзқарасты, теориялары мен тәжірибелерді көптеген білім беру мекемелері ұстанады, осылайша шығармашылық білім беру процесіндегі іс-әрекет компонентінің маңыздылығын көрсетеді. Мұндай маңыздылыққа орай, шығармашылықты ұйымдастырудың эвристикалық заңдылықтарына бүгінгі таңда заманауи білім беру әдістемесінде де ұсынылады, біздің пікірімізше ол әлі де пікіталас тудыратын мәселе.

Оқыту тәжірибесінде қызықты әдістемелік зерттеулер кездесетіндігін айта кету керек. Алайда, жүйелі білім беру үдерісінде оқушылардың эвристикалық іс-әрекетін ұйымдастырудың дидактикалық тұрғыда негізделген теориясы мен жүйелі әдіснамасы жоқ деуге болады. Көптеген зерттеушілердің қорытындылары оған негіз бола алады, ал Л.С.Выготский шығармашылық актге үйрету мүмкін емес, – деп нақты тұжырымдады. Бірақ бұл тәрбиешіге шығармашылықтың бейсаналық үрдістерін тудыруы мүмкін болатын саналы білім беру үдерістерін ұйымдастыру арқылы оның қалыптасуына және пайда болуына жәрдемдесуге болмайды деген сөз емес [3]. Осылайша, эвристикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың және іске асырудың анықталған теориялық-әдіснамалық заңдылықтары негізінде мұғалімге оқушылардың ізденуші-эвристикалық бағытталған іс-әрекеттерін жүйелі және мақсатты ұйымдастыруға, басқаруға мүмкіндік беретін теория мен әдіснаманың мазмұнын экстраполяциялау тәжірибесін дамытуды білдіреді.

Мұндай теория мен әдіснама педагогикалық және эвристикалық заңдылықтарда синтезделген педагогикалық ғылымның ерекше саласына енгізілген. Оны эвристиканың білім саласы (аймағы) немесе педагогикалық эвристика деп атауға болады. Оқушылардың мақсатқа бағытталған, дамыған және шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін меңгеру қажеттілігіне сүйене отырып, олардың эвристикалық іс-әрекетін ұйымдастыру және басқару проблемасын нақты (әдіснамалық, теориялық және практикалық) шешу, сонымен бірге педагогикалық эвристиканы қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр.

Оқушылардың шығармашылық тұрғыда дамуының маңызды факторларының бірі олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау болып табылады [4]. Ол педагогикалық негіздеудің барлық мәселелерін шешуге және білім беру мазмұнына эвристикалық заңдылықтарды енгізуге бағытталған. Стратегиялық тұрғыдан мұндай қалыптастыру төмендегідей бағыттарда анықталады, олар:

– білім берудегі эвристиканы және оның заңдылықтарын біріктіретін педагогикалық ғылым саласы ретінде түсіну;

– оқушылардың жас ерекшеліктерін және оқыту шарттарын ескере отырып, объективті және субъективті маңызды танымда шығармашылық іс-әрекетті эвристикалық тұрғыда ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесінің өзара байланыстыру, ұштастыру;

– оқытудың өнімді әдістерінің (типтерінің) жетекші компоненті ретінде оқушылардың эвристикалық іс-әрекетінің маңыздылығын анықтау және білім беру мазмұнын меңгеру;

– басқа да іс-әрекеттермен ұштасқан, эвристикалық іс-әрекетті үздіксіз білім беру жүйесіне оның мазмұнының құрамдас бөлігі ретінде қосу.

Олай болмаған жағдайда білім беру үдерісіндегі эвристикалық заңдылықтар оның жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз етпей, фрагментті түрде жүзеге асырылады деп есептейміз. Бұл біздің зерттеу өзектілігінің алғашқы аспектісі болып табылады.

К.Д. Ушинский оқу іс-әрекетінің ережелерін қарастыра отырып, оларды бір баспа бетінде сыйғызуға болады және олардың бірнеше томын құрастыруға да болады деген тұжырым жасады. Бұл жерде ең басты мәселе ережені зерделеуде емес, осы ережелер туындайтын ғылыми негіздерді зерттеуде екендігін көрсетті [5]. Педагогикаға негізделген теория мен әдіснама, оқу эвристикалық іс-әрекетті жүйелі ұйымдастыру үлгілері мақсатты түрде оқушылардың шығармашылық тәжірибесін дамыту мен меңгеруге бағытталған болса, онда оқытудың кез келген әдістері мен типтерінің номенклатуралары негізделетін ғылыми негіздерге жатады. Сондықтан эвристиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін дидактикалық тұрғыда талдау, оларды кейіннен экстраполяциялау және педагогикалық эвристиканың ғылыми негіздерін қалыптастыру біздің зерттеуіміздің өзектілігінің екінші аспектісін көрсетеді.

Іс-әрекет құрамы адамның танымдық іс-әрекетінің бір түрі ретінде басқарылатын, өзара әрекеттестікте жүзеге асырылатын, эвристикалық тұрғыда ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесі ретінде анықталады. Бұл ретте оқушының оқу-жаттығу іс-әрекеті мен мұғалімнің оқытуы өзара байланысты болады және өзара шарттастырылған (мақсатпен, мазмұнмен, әдіспен және нәтижемен жүйеленеді) түрде жүзеге асырылады, сонымен бірге олардың оқытудың жалпы мақсатына өзара ұмтылу болжамында құрылады, бұл оқушыны ынталандырады, оған мотивация береді, сонымен бірге мақсатты түрде құрылған оқытуды ұйымдастыруға қолдау көрсетеді.

Жалпы оқу-тәрбие процесіндегі іс-әрекет компонентінің қарастырылған мәніне сәйкес бізді оқытудың әдістері мен түрлері арқылы білім беру мазмұнын шығармашылық бағытта игеру процесімен бірге іс-әрекетті эвристикалық түрде ұйымдастыру және оның қажеттілігі қызықтырады. Шығармашылық интеллектіге байланысты ғана емес, біздің барлық ағзамыз арқылы туындайды. Бұл бұлаққа ұқсайды. Көптеген адамдар шығармашылық ойлау немесе шығармашылық шешімдер – бұл

біздің сөздерімізден байқалады деп ойлайды. Шығармашылық – біздің өміріміздің, денеміздің, ақыл-ойымыздың, эмоцияларымыздың және рухымыздың бір бөлігі юолып табылады [6].

Біз оқу-тәрбие процесінде білімді меңгеруге қатысты әрекеттік тұжырымдаманың басымдығын негізге аламыз, бұл тиісті іс-әрекеттің негізгі құрылымдық компоненттерін қамтитын оқытудың нәтижелі әдістеріне тұтас көзқарасты қамтамасыз етеді. Педагогиканың әдіснамасын анықтаудағы әрекеттік тәсіл педагогикалық шындықты таным мен түрлендірудің бірыңғай үдерісіне біріктіруге мүмкіндік береді.

Бұл тақырыпты зерттеу барысындағы біздің ғылыми ұстанымымыз эвристиканың жалпы теориялық жағдайында, эвристикалық процестің логикалық негіздерінде қатысты құрылады. Оқушы іс-әрекетінің күрделенуі, нәтижелі іс-әрекетті ынталандыратын ететін эвристикалық процесте жүреді, меңгерілген білім мен тәжірибені игерудің репродуктивті және өнімді тәсілдерінде байланыстырушы буын болып табылады, сонымен қатар, мектептегі оқытудың барлық кезеңдерінде оқу-танымдық іс-әрекетті жүзеге асыруға бағытталаған жүйе ретінде және мұғалімге жеке – әрекеттік тәсіл тұрғысынан оқушы тұлғасының шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға қатысты педагогикалық жұмысты ұйымдастыруға ықпал ететін құрал ретінде әрекет етеді.

Жоғарыда аталған тақырыпты ашу кезіндегі біздің жүргізген ғылыми жұмысымыздың мақсаттарының бірі оқушылардың интеллектуалдық – эвристикалық іс-әрекетіндегі шығармашылық компоненттерді жинақтау болып табылады.

Біріншіден, «интеллект» ұғымының мазмұнын анықтап, одан кейін интеллект пен ойлау (шығармашылық және эвристикалық), интеллект пен ақыл-ой дамуының, интеллект пен білім алудың байланысын анықтау және танымдық біліктердің алдын ала жіктемесін жүргізу қажет.

Интеллект теориясына сәйкес Жан Пиаже адам интеллекті өзінің дамуында бірнеше негізгі кезеңдерден өтеді деген пікір білдіреді. Оның пікірінше туғаннан бастап 2 жылға дейін сенсо-моторлы интеллект кезеңі жалғасады; 2 – ден 11 жылға дейін – бөлінген нақты операцияларды дайындау және ұйымдастыру кезеңі; 11-ден 15-ке дейін формальды операциялар кезеңі созылады [7].

Мысалы, интеллектуалды әрекеттер ғана интуицияға әкеледі, ол болжамдармен, көздерімен бірге жүреді, белгісіз шешімнің табылуын жақындатады.

Бұдан әрі зерттеу іскерліктерін мазмұнды оқу және олардың жалпылама шығармашылық іскерліктер иерархиясындағы орнын анықтау қажеттілігі пайда болады.

Педагогикалық практикадағы зерттеу іскерлігінің мазмұнын анықтаудағы бар тәжірибе мен оқу-зерттеу іскерлігінің жалпы құрылымын негізге ала отырып, оқу-зерттеу іскерлігін айқындауды тұжырымдаймыз.



Оқу-зерттеу іскерліктері – бұл оқушының ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне сәйкес келетін іс-әрекеттерді орындауға және оның ғылыми негіздерін зерттеу процесінде пайда болатын білім мен білік негізінде ғылыми зерттеу логикасына жақындауға мүмкіндік беретін іскерліктер болып табылады.

Қазіргі уақытта мектеп практикасында зерттеу принципі оқушылардың шығармашылық жаттығуларын, тапсырмаларын, және зертханалық-практикалық жұмыстарын орындау; шығармашылық сипаттағы үй тапсырмаларын орындау; өндірістік практикамен байланысты тапсырмаларды орындау; факультативтік сабақтарды өткізу; салыстырмалы талдауға, зерттелетін объектілерді ойша қайта топтастыру, іздеу сипатындағы арнайы тапсырмаларды орындау; экспериментті пайдалану кезінде қолданылады.

Шығармашылық іс-әрекет барысында оқушылар өз бетінше зерттеу элементтерімен тапсырмаларды орындайды, гипотезаларды құрастырады, идеяларды ұсынады, эксперимент барысында іздеуді жүзеге асырады, зерттеу жолдарын таңдау бойынша шешім қабылдайды, эвристикалық іс-әрекет әдістерін, құралдарын және тәсілдерін пайдалана отырып, алынған нәтижелерді теориялық тұрғыда негіздейді.

Эвристикалық біліктер жоғары зияткерлік үдерістер саласына жатады – бұл өндірілетін іс-әрекетті басқаруға, шешім іздеуді ұйымдастыруға және ғылыми шешім қабылдауға ықпал ететін ойлы және практикалық шебер іс-әрекеттер болып табылады.

Эвристикалық іскерлікті ассоциативті ойлауды (психологиялық кедергіні еңсеру, бейнеге басу, фантастика, қиял, импровизация) пайдалану кезінде, біріктірілген іс-әрекетті (интуиция, комбинаторика) және т. б. жүзеге асыру кезінде қолданады.

Эвристикалық қабілеттер зияткерлік және зерттеу іс-әрекеті болып табылады, олардың құрылымында оқушыға арнайы іс-қимылдарды, тәсілдерді, операцияларды орындауға мүмкіндік беретін міндетті, қажетті элементтерге айналады.

Шығармашылық оқу-танымдық іс-әрекетінде біз іскерліктің үш тобын бөліп аламыз, олар: интеллектуалды білік, эвристикалық білік және зерттеу іскерліктері. Оқу пәндерінің мазмұнын меңгерудің жекелеген кезеңдерінде бұл біліктердің дербес мәртебесі болады және жеке компоненттермен немесе блоктармен қалыптасуы мүмкін (мысалы, негізгі мектепте оқыған кезде). Жалпы алғанда, шығармашылық іскерліктер өзара шартталған сипатқа ие, қазіргі оқушының осы іскерлігінің қалыптасу деңгейі оның ақпараттандырылуын ғана емес, сонымен қатар нақты шығармашылықтағы іскерлікті, қоршаған ортаға жеке қарым-қатынасты, сырттан келіп түсетін ақпаратты меңгере білуді анықтайды.

Теориялық және эмпирикалық деңгейлерде оқу зерттеулерін жүргізу зияткерлік – эвристикалық біліктерді қалыптастырады және оқушының



шығармашылық потенциалын дамытады.

Эвристикалық оқытуда бұл модель өзекті компонент ретінде әрекет етеді. Онда психикалық үдерістер, тәжірибені ұйымдастыру және сақтау процестері, ақыл-ой тәрбиесінің және жеке қызмет стилінің процестері көрсетілген.

Дәстүрлі дидактикалық принциптермен қатар (қол жетімділік, ғылымилық, көрнекілік және т.б.) мектеп практикасына интегративтілік, цикл аралық байланыстар, оңтайлылық, эргономикалық, модульдік-модельдік принциптер белсенді түрде әзірленеді және енгізіледі.

Қазақстанда білім беру туралы жаңа заңның қабылдануына байланысты жаңа оқу орындары (гимназиялар, лицейлер, колледждер, авторлық мектептер) пайда бола бастады, ал бұл жағдайда білім беру құрылымы айтарлықтай жаңартылып, өзгереді.

Білім берудің жаңа тәсілдері өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін талап етеді. Сондықтан оқытудың дәстүрлі және жаңадан әзірленетін түрлері арасында (проблемалық, сараланған, жеке-топтық, озық, оңтайлы, интегративті, компьютерлік және т.б.) эвристикалық оқыту белгілі бір орын алып қана қоймай, сондай – ақ оқушы жастарды оқыту мен тәрбиелеуге демократиялық қоғамның жаңа жағдайлары мен талаптарында олардың ғылыми-әдістемелік өзара іс-қимылын қамтамасыз етуі тиіс.

Эвристикалық оқыту – бұл танымның зияткерлік сезімдермен және ақылмен байланысын орнату, өмірлік тәжірибесінде пайда болған және шығармашылық оқу іс-әрекеті процесінде жаңадан ашылатын өз іс-әрекеттерін өзін-өзі бағалау және сезіну жағдайында ойлау эвристикалық процесін жүзеге асыруға қабілетті оқушы тұлғасын қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Жоғары интеллектуалды тәртіптің (психологиялық кедергіні жеңу, эмпатия, қиял, интуиция) шебер іс-әрекеттерін қалыптастыру кезінде эвристикалық оқыту білім алушылардың интеллектуалдық - эвристикалық іс-әрекеттің әдістері мен тәсілдерін меңгеру және іздеу, сонымен бірге оларды шығармашылық танымдық процесте, кәсіби қызметте және күнделікті өмірде қолдану қабілеттілігінен тұрады. Ал ол өз кезегінде стратегиялар мен тактикалардың көмегімен ұйымдастырылатын және басқарылатын оқушы мен мұғалімнің нәтижелі іс-әрекетін көрсетеді.

Эвристикалық оқыту идеяларда келесі жағдайларда қалыптасады:

- дамыта оқыту (оқушы дамуының ішкі заңдылықтарын есепке алу, оның ішкі әлеміне, даралығына назар аудару);
- мағыналық оқыту (пәнді оқуға қызығушылықпен терең оқыту);
- интегративті оқыту (планетарлық дүниетанымды қалыптастыру мақсатында цикл аралық байланыс орнату);
- компьютерлік оқыту (ойлау мәдениетін қалыптастыру, ойлау

процестерін автоматтандыру, ақыл-ой еңбегінің мәдениетін арттыру);

– эвристика (эвристикалық әдістер туралы оқу, эвристикалық қызметті модельдеу, эвристикалық процестерді басқаратын модельдерді құру).

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, шығармашылық белсенділікті қалыптастыру қазіргі заманғы білім берудің өзекті проблемаларының бірі болып табылады және оны әзірлеу оқушылардың өз білімдерін жалғастыруын, сонымен қатар ғылымның, техника мен өндірістің тұрақты прогрессивті қайта құрылуы жағдайында қоғамдық қатынастар жүйесіне қосуға практикалық даяр болуын қамтамасыз ету міндеті болып табылады деген тұжырым жасаймыз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1 Бұлақбаева М.К., Әсембаева Г.Ж., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Хабаршы №5 (53), 2014 ж.

2 Матюшкина А.А. Представления о решении творческой проблемы в научной школе А.М. Матюшкина // Вестник Московского университета. Серия 14. Психология - 2012. - №3 - с. 70-80.

3 Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте: Психологический очерк. М., 1967.

4 Кошербаева Г.Н., Бейсембаева А.А. Развитие творческих способностей учащихся в условиях обновленного содержания образования. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(57), 2018

6 Роджерс Н. Творчество как усиление себя // Вопросы психологии. 1990.- № 1 С. 164-168.

7 Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. СПб, 1997.

**ҒТАМР 14.15.07**

## **ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ОҚЫТУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

### **III. Жақанқызы**

*С. Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

### **Ж.К. Сағалиева**

*П.ғ.к., аға оқытушы, С. Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Мақала қазіргі таңдағы ең маңызды мәселелердің бірі – педагогикалық процесте цифрлық оқыту элементтерін қолдану аясына арналады. Цифрлық оқыту элементтерін педагогикалық процесте қолдану еліміздің білім және ғылым саласын айтарлықтай дамуға, өзге елдермен тығыз тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік ашады. Мақаладағы өзекті мәселе білім беру процесінде цифрлық оқыту элементтерін қолданудың артықшылықтары мен ерекшеліктері педагогикалық шарттары толық сипатталады. Мақалада білім беру жүйесінде цифрлық оқыту элементтерін тиімді пайдаланудың педагогикалық шарттарына байланысты мәселелер ашылады.

**Түйінді сөздер:** цифрлық оқыту, цифрлық оқыту элементтері, педагогикалық процес, педагогикалық шарттар, білім алушылар.

Педагогикалық жүйе белгілі бір шарттарды ұстана отырып оқыту процесін ұйымдастырғанда ғана алға жылжып, дами алады.

«Педагогикалық шаттар» ұғымының ерекшелігі – оған оқыту мен тәрбиелеу процесінің барлық компоненттерінің элементтері кіреді, яғни оқытудың мақсаттары, міндеттері, әдістері мен формалары, құралдары жатады.

Педагогикалық шарттар дегеніміз – қойылған міндетке жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мазмұны және ұйымдастыру түрлерінің объективті мүмкіндіктері мен оларды жүзеге асырудың материалдық мүмкіндігінің жиынтығы.

В.И. Андреевтың пайымдауынша, педагогикалық шарттар дегеніміз – «белгілі бір дидактикалық мақсаттарға жету үшін мазмұн элементтерін, әдістерді, сондай-ақ оқытудың ұйымдастырушылық формаларын мақсатты таңдау, жобалау және қолдану нәтижесінде пайда болатын оқу процесінің жағдайлары» [1].

Педагогикалық шарттар ұғымы оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттерін, мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру түрлерін қарастырады. Сондықтан да «педагогикалық шарт» ұғымын дидактикалық мақсатқа жеткізуге арналған мазмұн мен әдіс-тәсілдердің элементтерін мақсатты түрде таңдау, құрастыру және пайдалану деп түсінілген.

Алма ағашының жайқалып өсіп, мол өнім беруі үшін күнделікті белгілі бір мөлшерде су, жарық және тыңайқыш заттар керек, міне осындай нақты шарттарды орындау арқылы ғана бау – бақша иесі орасан зор қуанышқа, дәмді әрі құнарлы жеміске ие болады. Педагогикалық процесте де осындай жетістікке жету үшін біз оқытудың барлық құрамдас бөліктерін, оқытудың мақсаттарын, міндеттерін, әдістері мен формаларын, құралдарын, біріктіретін нақты педагогикалық шарттарды алға қоя отырып, цифрлық оқыту элементтерін қолдануымыз керек.

Педагогикалық процесте цифрлық оқыту элементтерін қолданудың алғашқы педагогикалық шарты ретінде болашақ мамандарды даярлау

барысында компьютерлік бағдарламалардың мазмұнын және оларды қолдану технологиясын ескере отырып құруды ұсынуға болады. Цифрлық оқыту элементтерін қолдану педагогикалық материалдың мазмұнын тереңдету үшін жағдай жасайды. Себебі, педагогикалық процесте дәстүрлі оқытуды пайдалану білім алушының ізденушілігі баспа құралдарымен сүйемелденетін зеттеру көздерімен ғана шектеледі, ал цифрлық оқыту элементтерін, мысалы ғаламторға кіруге мүмкіндігі бар компьютерлерді алатын болсақ, мәтіндік және графикалық ақпараты баспа басылымдарының көлемінен бірнеше есе бай мәліметтер базасына, сонымен қатар әлемдік ғылыми әдебиеттер де көзді ашып жұмғанша қол жетімді болады. Бұл білім алушының зерттеулерін кең ауқымына жүргізіп, биік әрі бірегей жетістіктерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Цифрлық оқыту элементтерін қолдану кез – келген ғылымның түрлі салаларындағы жаңа басылымдармен танысуға, ғылыми-практикалық конференциялар мен вебинарлардың мазмұнын шолуға мүмкіндік береді, ал бұл болашақ мамандардың дербес, сыни, кәсіби ойлауын дамытуға және қалыптастыруға өз ықпалын тигізбей қоймайды.

Қазіргі таңдағы педагогиканың басты міндеті – белгілі функцияларға қол жеткізе алатындай педагогикалық шарттарды анықтау және қамтамасыз ету. Бұл үшін оқытудың тиімді құралы ретінде цифрлық оқыту элементтерін пайдаланудың түбегейлі жаңа перспективалық шешімдерін іздестіру қажет.

Педагогикалық процесте цифрлық оқыту элементтерін қолданудың шарттарын анықтамас бұрын, кездесетін мәселелердің үш маңызды аймағына тоқталып алған жөн:

1. жаңа мақсаттар мен стратегияларды айқындайтын *жүйелілік және әдіснамалық аспектілер*: әлемдік сахнадағы ақпараттық және коммуникациялық жаңалықтар мен өзгерістерді үнемі бақылап, саралап, нәтижесінде кәсіби қызметтің жаңа зияткерлік әдістері мен құралдарын әзірлеу.

2. білім беру қызметінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану шарттары айқындалатын, әзірленетін және зерттелетін *психологиялық-педагогикалық аспектілер*. Олардың мүмкіндіктері орасан зор, жеке тұлғаның дамуына байланысты оң және теріс салдарларды болжау және анықтау.

3. *әдістемелік аспектілер*:

– болашақ кәсіби қызметте цифрлық технологияларды қолдана білу тәжірибесін қалыптастыру;

– білім беру процесі субъектілерінде цифрлық технологиялар саласындағы білім мен тәжірибені үздіксіз жаңарту мүмкіндігін қамтамасыз ететін оқыту және өздігінен білім алу тәсілдерін әзірлеу [2].

Жоғарыда тізбектелген біршама мәселелер жыл сайын түзетулер

мен толықтыруларды қажет етеді. Себебі, қоғам соның ішінде білім беру саласы оқыту процесінде цифрлық технологияларды пайдалана бастаған сәттен бастап көз ілеспес жарық жылдамдығымен дамып келеді десек те артық емес.

Педагогикалық процесте цифрлық оқыту элементтерін қолданудың шарттары:

Психологиялық:

- мотивациялық қамтамасыз ету;
- білім алушылардың танымдық қабілеттерін, өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- әрбір білім алушының даралылық дәрежесін жоғары қамтамасыз ету;
- білім алушылардың зерттелетін материалға қызығушылығын қалыптастыру, оқытудың әр кезеңінің нәтижелерімен қанағаттандыру;
- білім алушылардың жеке қабілеттерін ашуға, сақтауға және дамытуға ықпал ету;
- әрбір білім алушының дайындық деңгейін ескере отырып, жаңа материалды және т. б. игеру қарқынынан оқу процесін дараландыру;
- білім алушылардың танымдық қызметін күшейту, олардың өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қолдау және дамыту, танымдық-кәсіби қызығушылығын қалыптастыру;
- кері байланыс құру арқылы оқыту;

Дидактикалық:

- цифрлық оқыту элементтерін пайдалана отырып, оқыту мақсаттарының, мазмұнының, нысандарының, әдістері мен құралдарының өзара байланысын қамтамасыз ету;
- оқытушы сөзі мен компьютерді қолдану;
- компьютерлік сабақтың дидактикалық құрылымы;
- оқу үдерісін жандандырып, оның динамикасын арттыруға ықпал ету;
- оқытудың фронтальды, топтық, жеке әдістерін жүйелі түрде кешенді пайдалану;
- оқу процесіне ойын сипатын беріп, үздіксіз кері байланысты қамтамасыз ету;
- оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын, нысандары мен әдістерін үнемі динамикалық жаңартуға ықпал ету;
- оқу процесін ұйымдастыру нысандары мен әдістерін жетілдіру есебінен оны тұрақты және серпінді жаңарту; икемділікті, ұтқырлықты арттыру.

Әдістемелік:

- цифрлық оқыту элементтерін сабақтың барлық кезеңдерінде қолдану;
- жаппай компьютерлік білім беруге (жеке сабақ барысында) ғана емес, сонымен қатар жаппай, жалпы компьютерлік білім беруге

(қашықтықтан оқыту процесінде) біртіндеп көшу үшін жағдайлар жасау;

– компьютерлік оқытудың идеялары мен әдістерін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға тікелей қатысатын педагогтерді, әдіскерлерді, оқу орындарының басшыларын даярлау деңгейін арттыру;

– оқытудағы пәнаралық байланыстарды күшейту, зерттеудің кешенділігі;

– проблемалық әдістер мен компьютерлік оқыту құралдарын кеңінен қолдану;

– заманауи техникалық құралдарды енгізу арқылы оқу процесінің технологиялық базасын жетілдіру;

– компьютер мен басқа да техникалық оқыту құралдарының үйлесімі [3].

Бағдарламалық жасақтаманың дамуы үздіксіз дамып келеді. Бұл жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар арқылы жетілдірілген цифрлық оқыту элементтерін педагогикалық процесте қолдануға мүмкіндік береді дегенді білдіреді. Осыған байланысты арнайы пән оқытушылары ақпараттық технологиялар саласындағы жаңа әдістерге үнемі назар аударып, заман талабына сай білім сапасын жаңартып, жетілдіріп отыруы керек.

Қазіргі білім беру саласында цифрлық оқыту технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жакты, бәскеге қабілетті, сұранысқа ие маман болу мүмкін емес. Сондықтан еліміздің оқу орындарында, педагогикалық процесте цифрлық оқыту элементтерінің мүмкіндіктерін, цифрлық контенттерді толығымен пайдалану, тақырып бойынша интерактивтік, видео-материалды әзірлеп, оны зерттеу арқылы тақырыпқа сай орындалатын тапсырмаларды білім алушыға ұсына отырып, білім беру процесінің алғашқы баспалдақтарынан саналаларына сіңіріп, игертуге атсалысу қажет.. Әрине, бұл идеяны жүзеге асыру ұзақ уақыт, ерен еңбек пен жұдырықтай жұмылған бірлікті, талпынысты талап ететін процесс. Бірақ, осы идея барысында талмай жұмыс жасасақ, жқмысымыздың жемісін де көретініміз қақ. Яғни, білім ордасын ойдағыдай аяқтаған жас маман өздігінен аз уақытта ақпаратты жинақтауға, өзіне қажетті материалды интернет желісінен іріктей білетін және қажетті программаны өзбетімен үйрене алатын, бір сөзбен айтқанда білім беру және басқа да ғылым саласында цифрлық технологияларды еркін меңгерген бойында қажетті құзыреттіліктер қалыптасқан қабілетті маман болады.

Бүкіл әлемде орын алған пандемия салдарынан көптеген сала мамандары соның ішінде білім саласы да қашықтықтан оқытуға көшті. Осынау қиын шақта цифрлық оқыту элементтерінің атқаратын қызметі орасан зор. Осы цифрлық технологиялар көмегімен миллиндаған адам бір орында тұрып қалмай, өз үйінде қауіпсіз ортада білім алуды, жұмыс жасауды жалғастыруда. Пандемиясыз тыныш заман орнаған уақытта да цифрлық

технологиялар өміріміздің ажырамас бөлігіне айналары анық. Сондықтан қай жағынан алып қарасақ та цифрлық оқыту элементтері адамзатқа нақты айтқанда білім саласына ауадай қажет. Қандай жағдай болса да білім алуды жалғастырудың қайнар көзі – цифрлық оқыту технологиялары.

Қорыта айтқанда, цифрлық оқыту элементтерін педагогикалық процесте тиімді қолдану үшін нақты педагогикалық шарттарға сүйенуіміз керек. педагогикалық процесте педагогикалық шарттары дұрыс қолдана білген оқытушы білім алушы санасына білім нәрін де жеткілікті дәрежеде сіңіре алады. Сондықтан, педагогикалық процесті дұрыс ұйымдастыра білу кез келген оқытушының басты міндеті болып табылады. Бұл оқытушының күзіндеттілігі тек ғана электронды журнал мен электронды күнделікті толтырумен ғана шектелмеуі керек дегенді білдіредін. Яғни оқытушылардың біліктілігін арттыра отырып, жас мамандарымыздың терең біліміне жол ашамыз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1 Андреев А.А. Некоторые проблемы педагогики в современных информационно-образовательных средах // Телекоммуникации и информатизация образования. М., 2002. № 6. С. 38.

2 Голиш Л.В. Что нужно знать обучающему о современных технологиях обучения? Учебно-методическое пособие. Т.: ИРССПО, 2002. С. 101-102.

**FTAMP 14.15.15**

## **ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚҰРАЛДАРЫН БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫНА ҚОЛДАНУ**

**Г.О. Байсултанова, Л.К. Кистаубаева**

*Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы қ.*

Мақалада оқушыны отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге баса көңіл бөлінеді. Білім беру стратегиясына сай заманауи технологияларды қолдану қажеттігі, білім саласын нығайту туралы айтылады. Сонымен қатар, бүгінгі ұрпақтың өзге ұлт өкілдерімен әлемдік деңгейде бәсекеге түсе алатын, өз ұлтының өресі биік маманы болуына ұстаздардың аянбай күш-жігер жұмсау қажеттігі көрсетілген.

**Түйін сөздер:** отансүйгіштік, бүгінгі ұрпақ, насихат, ұлттық тәрбие, парыз, әлемдік деңгей.

Елімізде бүгінгі таңда болып жатқан трансформациялау шарттары мен әлемдік еңбек нарығының жоғары талаптарының көкейкесті мәселелерінің бірі – бәсекеге қабілетті 50 елдің арасынан өз орнын белгілей алатын жас ұрпақ тәрбиелеу. Жалпы білім беру орындарында білім беру саласының ең өзекті міндеттері білім беруде жоғары сапаға қол жеткізу болып табылатыны сөзсіз.

Білім беру деңгейі – мемлекет пен қоғам дамуының жетістіктері. Барлық дамыған мемлекет пен қоғамдарда экономикалық прогресс пен әлеуметтік-саяси тұрақтылықты орнату негізінде білім беру саласын дамытуға ұмтылыс жасалады. Ал, дамыған елдер қатарына қосылу жолдары Бүкіләлемдік экономикалық форум рейтингі бойынша Индекс негізінде анықталады. Индекстің он көрсеткіші бойынша екі көрсеткіш белгілері мемлекеттің білім беру саласының дамуы мен сапасына қатынасымен айқындалады. Сондықтан да, бұл елу дамыған елдер қатарына қосылу мақсатында еліміздегі білікті жас ұрпақты даярлау жүйесінің сапасын жоғары деңгейге көтеру міндеттері тұр.

Инновациялық технологиялар ұғымына түсінік беретін болсақ, көптеген түсіндірме, аударма сөздіктерде, энциклопедияларда, орысша-қазақша сөздікте бұл ұғымға «инновация – жаңалық енгізу, жаңарту» деп анықтама берілген. Энциклопедиялық сөздікте «инновация» сөзінің – «жаңарту», деген баламасы беріледі.

«Технология» ұғымын «білім беру» түсінігімен байланыстыра қарастырсақ, ол – «белгілі бір мақсатқа жету бағытында ұйымдастырылған, жоспарлы күйде тұрақты жүзеге асырылатын, педагогтар, шеберлер, тәлімгерлер, т.б. жетекшілігімен жүргізілетін білімді, біліктілікті және дағдыларды меңгеру үдерісі» болып табылады. Білім берудің инновациялық технологиясы түсінігінің анықтамасын былай тұжырымдауға болады:

– жалпы білім берудегі білімнің, ғылыми жетістіктердің, техниканың белгілі бір аймағында қойылған мақсатқа жету бағытында ұйымдастырылған, жоспарлы күйде тұрақты жүзеге асырылатын білімді, жан-жақты дағдыларды үйрету үдерісі;

– білім беру, өзін-өзі бақылау үдерістерін қажетсініп, оларды жүзеге асыратын шарттарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер, құралдар жиынтығы, сонымен қатар т.б. іс-шараларды жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта мектеп оқушыларын шығармашыл тұрғыда даярлайтын бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі сабақ беру әдістері бойынша білім орындарын инновациялық технологиялардың жаңаша әдістемелерімен толықтыруға мүмкіндік туып отыр.

Ал бүгінгі таңда оқу орындарындағы білім беру үдерісінде жиі қолданылатын инновациялық технологиялардың талдау негізінде анықталған мынандай түрлерін көрсетуге болады. Олар:

– білім беру технологиялары;



- заманауи білім беру технологиялары;
- білім берудің интерактивті әдістері;
- білім беру мазмұнындағы компьютерлік технологиялар жүйесі;
- мультимедиялық технологиялар;
- акпараттық, білім ортасына байланысты түсініктемелер.

Бұл аталған инновациялық технологияларды білім беру мазмұнында тиімді пайдалану арқылы сабақтың сапасын арттырумен қатар оқушылардың жалпы пәндерге деген қызығушылығын, белсенділігін жетілдіру қажет.

Инновациялық білім беру технологияларының ішінде пәнаралық байланыс негізінде мектеп оқушыларының шығармашылығын жетілдіруде ең тиімді орын алатындары: диалогтік дәріс, пікір алмасу, рөлдік және иммитациялық ойындар, тренингтер, шеберлік кластарын ұйымдастыру, көрмелер ұйымдастыру, түрлі тест тапсырмаларын орындау.

Оқушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарын үнемі ескеріп отыру үшін оқытушы өз қызметін сабақтың мотивациялық құрылым бөліміне сай жүзеге асыру қажет: олардың сабақ үстіндегі ынтасын, белсенділігін арттыру; оқу қызметінің мән-мағынасын жан-жақты түсіндіру; сабақтың мақсатын оқушылармен бірге отырып белгілеу; мақсатқа жету барысында жетістікке жететіндей жағдайды туғыза білу; өз қабілетіне деген сенімдері мен жағымды көңіл-күйлерін дер кезінде қолдай білу; оқу үдерісінде күтілетін нәтижелерді қолдау.

Мектеп оқушыларының шығармашылығын жетілдіру бағытында «Қазақ әдебиеті» пәні бағдарламасы бойынша «Орхон Енисей ескерткіштері» сабағы көне ескерткіштерді, түрік жазбаларының әдеби көріністерін зерделейді. Бұл арада оқытушы мультимедиялық технологияны тиімді қолдана отырып, оқушыларға экран арқылы ұсынылған бейнежазба үзінділері арқылы тақырыпты жан-жақты, терең, көңілге қонымды етіп түсіндіре алады.

Орхон-Енисей жазбалары Шығыс Түркі қағанатының қағаны Білге мен оның інісі Күлтегін қабірлеріне қойылған орасан зор құлпытастарға қашап жазылған жыр жолдары болып шықты. Жырға арқау болған негізгі мәселелер – елдің тәуелсіздігі, береке-бірлігі. Күлтегін жырында сегіз оқиға баяндалған.

- Біріншісінде, қағанның өз халқына қарата айтқан үндеуі;
- Екіншісінде Түрік Қағанаты жерінің кеңдігін суреттейді;
- Үшіншісінде түркілердің әскери жорықтары;
- Төртіншісінде көршілес табағштардың қастандық әрекеттері туралы әңгіме;
- Бесіншісінде табағш тайпасымен қатысу түркілерге қауіпті екендігі жөнінде;
- Алтыншысы түркі халқының болашақты болжай алмауына өкіну;

– Жетіншісі түркі халқының даңқын асырған қаған жөнінде;  
– Сегізіншісінде осы ескерткішті жыр қып жазуға түрткі болған жағдайларға тоқталады.

Орхон-Енисей жазбаларының енді бір ескерткіші – Тоныкөк құлпытасындағы жырлар. Онда да сол кездегі түркілердің өмірінен мағлұмат беретін он төрт жол жазылған. Түркі халқының табғаштарға тәуелді болып қалу тарихы, азат қалған түркілердің бірігуі, қаған сайлауы, Тоныкөктің ықпалымен Елтерістің қаған болуы, Оғыз мемлекетінің тыңшылары түркілерге қауіп төндіргені, қарсыластармен болған шайқастар, анталаған жаудың бетін қайтаруда Тоныкөктің ерлігі, ұрыс-шайқастардың жүргізілуі, түркілердің түрлі тайпалармен жауласу жолдары баяндалып, Тоныкөкті мадақтау берілген.

Тасқа жазылған ескерткіштерде негізінен Түрік қағанаты, оны билеген қағандар, олардың ерлігі жайында сөз болады. «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары өткен дәуірден нақты мәлімет беруге арналған тарихи деректер. «Күлтегін» жырының басты идеясы – Күлтегін батырды Түрік қағанатының күдіретті тұлғасы етіп көрсету. «Күлтегін» жырының авторы – Йоллыгтегін Түрік қағанатының күш қуаты артты, жері барынша кеңіді, ел тұрмысы түзелді.

Түрік қағанаты тарихында Тоныкөк тұлғасы ерекше орын алады. Ол Елтеріс қаған, Бөгі қаған және Білге қағандарға кеңесші болған. Тоныкөк ел қамын ойлаған ақылгөй, дана қарт. Түрік қағанатына төрт жағынан жау қаптағанда, Тоныкөк ақыл кеңесімен де, тапқыр сөзімен де, батырлық істерімен де қағандарға көмектесіп отырады. Орхон жазба жәдігерліктері ішінде «Тоныкөк» жыры ерекше орын алады. Бұл жырдың авторы бөлек, оны Тоныкөктің өзі жазған деген болжам бар. Екіншісі – руна жазуындағы бұл жәдігерліктерді поэзиялық туындыға тән барлық белгілері бар, ежелгі түркілердің өзіндік әдеби дәстүріне негізделген көркем туынды деп таныды.

Орхон жазба жәдігерліктерінің ішінде «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары өзінің идеялық мазмұны, композициялық құрылысы, көркемдік бейнелеуі жағынан қазақтың ерлік пен елдікті жырлаған қаһармандық жырларының алғашқы үлгілері болып табылады.

Бұл қосымша арқылы оқушылар түркітануда бүгінгі Монғолия жеріндегі Орхон Енисей ескерткіштері туралы көптеген мәліметтер алады. Бейнежазба арқылы Орхон алқабы сан мыңдаған тарихи ескерткіштерге аса бай өлке екендігіне көз жеткізеді. Сонымен қатар, Орхон ескерткіштерінің Алтай, Қаңлай, Соян, Кентай тау жоталары, Гоби шөл даласы және осы таулы, жоталы, далалы алқаптағы Керумен, Хобда өзендерінің бойында Қырғыз, Қарасу, Қобсы көлдерінің жағауларына дейінгі өңірде сақталғанын тамашалайды. Айта кететін жай, оқушылар бейнежазба көріністерінен әрбір ескерткіштер кешені, тас үйіндісі, тастарда қашалған таңбалар, мәтіндер мазмұны туралы толығырақ мәлімет алады.

Айталық, Күлтегін ескерткіш кешені жалпы Күлтегін өмірбаянына құрылған 68 жол мәтіннен тұратынын байқаймыз. Ал енді Білге қаған ескерткіш кешені қамал туралы да қызықты деректер бар. Білге қаған құрылысының ішкі қабырғаларында суреттер салынған. Деректерге қарағанда, бұл суреттердің өзіндік мәні мен мазмұны бар. Осы қамал құрылысының сыртқы кенересі бойымен 100-ге 55 метр су ағарлар салынған. Ескерткіш көгілдір мәрмәр тастан жасалынған. Білге қаған ескерткіші тасбақа үстіне орнатылған. Оның төбесінде үш қос айдаһар бейнелеген. Бір жақ қапталындағы үшбұрышты шаршысында қаған таңбаларын білдіретін марал, елік, киік бейнелері өрнектелген.

Қорыта келгенде, бұл сабақтың қортындысында оқушылар бейне материал арқылы көне тарихи ескерткіштердің мазмұндық сипаттамасын жете түсінді. Демек, осындай сабақтардың құрылымы мен мазмұны оқушыларды шығармашылық жұмыстар орындауда сана сезімін, ойлау қабілетін, көне ескерткіштердің құндылығын бағалай білуге дағдыландырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Педагогикалық сөздік. Алматы 1995ж. – 24 б.
- 2 Асанова У.А. Қазақ халқының айтыс өнері арқылы оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру: пед.ғыл.канд. ... автореф.:13.00.01. –Алматы: АлМУ, 1997. – 23 б.
- 3 Қозыбаев Е.Ш. Формирование эстетической культуры страшекклассников средствами казахского музыкального фольклора: автореф. ... канд. пед. наук.: 13.00.01. – Алматы:АлМУ, 1998. – 23 с.
- 4 Мұратбаева Г.А., Саипов А.А. Өнертану мамандарын кәсіби даярлаудың әдіснамалық негіздері //Интеграция мен модернизация үдерісіндегі Орта Азия мен Еуропа тарихының концептуалдық мәселелері. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2010. – Б. 260-265.
- 5 Мұратбаева Г.А., Мухамеджанов Б.Қ. Инновациялық технологиялар негізінде болашақ өнертану мамандарын даярлау мазмұны: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Жания-Полиграф, 2004. – 23 б.

ГРНТИ 14.25.09

## ОҚУШЫЛАРДЫ МӘТІНДІК ЕСЕПТЕРДІ ТЕНДЕУЛЕРДІ ҚҰРУ ӘДІСІМЕН ШЕШУГЕ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**А.Қ. Бекболғанова**

*П.э.к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

**Э.Е. Сагынбаева**

*Магистр, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

**М.С. Слямова**

*Магистр, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Мақалада мәтіндік есептерді шешу кезінде теңдеулерді құру бойынша пропедевтикалық жұмыстың кейбір негізгі мәселелері анықталған. Ол екі негізгі кезеңге бөлініп қарастырылған. Мұғалімнің бірінші міндеті оқушылардың кейбір маңызды жалпы оқу және математикалық дағдыларын жүйелі және мақсатты түрде қалыптастыру екендігі көрсетілген.

Сонымен бірге мақалада мәтіндік есептің шарты мен сұрағын бөле білуді қалыптастыратын тәсілдері көрсетілген. Есеп шартының мәтіні бойынша сызбаларды рәсімдеуді қабылдауға кейбір түсініктемелер берілген. Сонымен қатар, мақалада оқушыларды мәтінді есептерді шешуге үйрету бойынша мұғалімнің пропедевтикалық жұмысының берілген жүйесі бұл есептердің мақсаты мен құралы ретінде ғана емес, оқыту пәні ретінде де қарастырылатыны көрсетілген. Мәтіндік есептерді шешудің әр кезеңнің өзіндік белгілері (бағдарлары) бар, оларды басшылыққа ала отырып, мұғалім оқушыларда осындай есептерді шешуде жалпы іскерлік компоненттерін қалыптастыратындығы анықталған.

**Түйін сөздер:** оқушы, мәтіндік есептер, теңдеу құру, пропедевтика, сызба, оқыту пәні, сынып.

Жалпы білім беретін мектептерде мәтіндік есептерді шешуге көп көңіл бөлінеді. Ол көптеген математикалық ұғымдарды қалыптастыру құралы ғана емес, ең бастысы – нақты құбылыстардың математикалық моделін құру іскерлігін үйретуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оқушылардың ойлауын дамытуға да көп әсерін тигізеді.

Оқушыларды мәтіндік есептерді шешуге үйретудің әртүрлі әдістемелік тәсілдері бар. Бірақ мұғалім қандай оқыту әдістемесін таңдамаса да, ол осындай есептердің теңдеуін қалай құрастырғанын көрсете отырып, ең алдымен арифметикалық тәсілдермен шеше білуді үйретуі керек.

Мәтіндік есептерді шешу – бұл бір ерекше жұмыс, атап айтқанда ақыл-ой әрекеті. Ал қандай да бір әрекетті үйрену үшін алдын ала жұмыс істеуге тура келетін материалды, орындалатын әдіс – тәсілді жақсы зерттеу қажет.

Демек, мәтіндік есептерді шешуді үйрену үшін, олардың қалай жасалғанын, қандай негізгі бөліктерден тұратынын, есептерді шешу арқылы жүргізілетін құралдар қандай екенін түсіну керек.

Сонымен, мәтіндік есеп дегеніміз не? Кез келген мәтіндік есеп қандай да бір құбылыстың (жағдайдың, процестің) сипаттамасын білдіреді. Бұл тұрғыдан мәтіндік есеп құбылыстың (жағдайдың, процестің) сөздік үлгісі болып табылады. Ол, кез келген модельде сияқты, мәтіндік есепте де жалпы барлық құбылыс емес, тек оның кейбір жақтары, негізінен, оның сандық мәліметтері сипатталады.

Мәтіндік есептерді шешу оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, функционалдық тәуелділік идеясын терең меңгеруге, есептеу мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Мәтіндік есептерді шешу барысында оқушыларда нақты объектілер мен құбылыстарды үлгілеудің дағдылары мен біліктері қалыптасады.

Мәтіндік есептерді шығартып үйрету барысында оқушылардың деңгейлері анықталуы тиіс және соның нәтижесін ескере отырып, мәтін есептерді шығаруда қиыншылыққа кездесетін оқушыларға қарапайым жеңіл есептерді шығартудан бастаған дұрыс [1].

Біз бұл зерттеуде мәтіндік есептерді шешу кезінде теңдеулерді құру бойынша пропедевтикалық жұмыстың кейбір негізгі мәселелеріне тоқталаймыз. Мұндай жұмыс негізінен 5-6 сыныптарда жүзеге асырылады, бірақ қарапайым есептер осы әдіспен 1-2 сыныптарда да шешілген.

Мұнда екі негізгі кезеңді бөлуге болады. Мұғалімнің бірінші міндеті оқушылардың кейбір маңызды жалпы оқу және математикалық дағдыларын жүйелі, мақсатты түрде қалыптастыру болып табылады. Екінші кезеңде негізгі назар есептің мәтініне кіретін шамалар арасындағы тәуелділікті анықтауға және осы тәуелділікті математикалық тілге аударуға үйрету болуы тиіс. Енді әр кезеңге толығырақ тоқталайық.

Пропедевтиканың бірінші кезеңі.

Оқушылардың мәтінді есептерді зерттеудің осы кезеңінде қалыптастыруы қажет ең маңызды білімдерге келесілер жатады:

- берілген есептің мәтінін мұқият оқи білу,
- есеп мәтініне бастапқы талдау жасай білу – есептің берілген шарты мен оның сұрағын анықтай білу,
- берілген есеп мәтінінің қысқаша жазылуын рәсімдей білу,
- есептің мәтіні бойынша сызбаларды (суреттерді) сала білу.

З.П.Матушкинаның еңбектеріне сүйене отырып, математиканы оқыту әдістемесінде мұғалімнің іскерлігін қалыптастыру бойынша тиісті жұмыс тәсілдері әзірленді [2].

Мысалы, есеп мәтінін оқи білуді қалыптастыратын тәсілдер мыналар:

- тапсырманы дұрыс оқу үлгілерін көрсету;
- мәтіннің мазмұнын меңгеру бойынша арнайы жұмыс жүргізу.

Мұнда берілген есепті көрсетудің әртүрлі формалары бар: есепте берілген деректерді түсіну, мәтінді қысқаша жазу, оның сызбасын немесе суретін салу. Мұнда сондай-ақ тапсырманың мазмұнымен жұмыс істеу тәсілдері енгізіледі: есептің сандық деректерін өзгерту; оның сюжетін өзгерту; берілген тапсырманың сюжеті мен сандық деректерін өзгерту.

Келесісі мәтіндік есептің шарты мен сұрағын бөле білуді қалыптастыратын тәсілдер, олар:

– мәтіндік есепті шешу тәсілін табу қатысты мәселенің рөлін анықтау, яғни мәтіндік есеп шартын тұжырымдаудың нақтылығына, анықтығына назар аудару;

- қажет болған жағдайда мәтіндік есеп шартын қайта қалыптастыру.

Мәтіндік есептерді шешу – негізгі мектептің математика курсының маңызды құрамдас бөлігі. Мәтіндік есептерді шеше отырып, оқушылар математикалық білім алады, практикалық іс-әрекетке дайындалады. Мұндай есептер олардың логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Сондықтан мұғалім мәтіндік есеп, оның құрылымы, түрлері туралы терең түсінікке ие болуы керек, мұндай есептерді әртүрлі тәсілдермен шеше білуі керек [3].

Ендігі қарастырылатын әдіс оқушылардың мәтіндік есептердің шартында қойылған міндеттері мен талаптарын бөлуге деген қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған, олар:

- бір немесе бірнеше мәселелерден есеп шартын қалыптастыру;
- тапсырма сұрағына жауап беру үшін қажетті деректерді табу;
- қандай да бір мәселе бойынша есеп құру, соның негізінде бір немесе бірнеше міндеттерді тұжырымдау.

Оқушының математика сабағындағы шығармашылық қабілетін дамыту үлкен міндетті жүктейді [4].

Берілген есеп мәтінінің қысқаша жазбасын рәсімдеуді оқыту тәсілдері:

- кесте, схема түрінде қысқаша жазбаны рәсімдеу;
- жолға қысқаша жазбаны рәсімдеу (баған);
- тапсырманың қысқаша жазбасын оқу;
- қысқаша жазба бойынша есеп құру.

Тапсырманың мәтіні бойынша сызбаларды (суреттерді) орындауға оқытуды қабылдау.

Олардың негізгілері мынадай:

- тиісті суретті орындауды талап ететін тапсырмаларды ұсыну;
- берілген есептің мәтіні бойынша орындалған суретті оқу;
- сурет немесе сызба бойынша есеп құрастыру.

Берілген есептің мәтіні бойынша сызбаларды рәсімдеуді қабылдауға кейбір түсініктемелер береміз. Тапсырманың мәтіні бойынша орындалған сызба (сурет) оны шығару кезінде пайымдау барысын белгілеуге мүмкіндік береді, бұл есеп шартында қойылған міндеттерді шешуге жалпы көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан сызбаларды орындауға мынадай талаптар қойылады:

- олар көрнекі, нақты болуы керек және тапсырманың мәтініне сәйкес келуі тиіс;

- оларға есепте берілген барлық деректер мүмкіндігінше көрсетілуі тиіс;

- оларда берілген деректер мен ізделінетін айнымалы жалпы қабылданған белгілерге сәйкес келуі тиіс.

Егер оқушылар тиісті сызбаны оқи алатын болса, сызбаны орындау дағдысын қалыптастыру табысты болады. Осыған байланысты сызба немесе сурет бойынша берілген есептің мәтінін жазу маңызды болып табылады. Мұндай жаттығуларды орындау нәтижесінде графикалық деректерді сөздік мәтінге аудару дағдылары қалыптасады.

Пропедевтиканың екінші кезеңі

Бұл жерде оқушылардың мәтіндік есепте берілген шамалардың өзгеруін ауызша білдіру тәсілдерін түсінуге үйрету және оларды математикалық өрнектер немесе теңдеулер түрінде рәсімдеу маңызды болып табылады. Оған тиісті жаттығулар арқылы қол жеткізіледі. Мысалы, 5 – сыныптағы натурал сандарды көбейту әрекеттерін зерттеу кезінде оқушылар көбейту қолданысының бірін – санды бірнеше есе көбейтуді қарастырады. Мұнда көрсетілген мақсатқа жету үшін келесі жаттығудың болуы мүмкін: Әкесі ұлынан 4 есе үлкен. Егер ұл  $m$  жаста болса, әкесі қанша жаста? ( $4m$ ). Осыған ұқсас жаттығулар оқушыларға басқа арифметикалық әрекеттерді оқу кезінде де ұсынылуы мүмкін.

Мұндай жаттығулардың күрделілігі оқушылар үшін көп болуы керек, ал олардың саны тиісті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру үшін жеткілікті болуы қажет.

Мәтіндік есептерді шешуге оқыту әдістемесінде қойылған мақсатқа жету үшін жаттығулардың басқа да жүйелері ұсынылады. Мысалы, нақты мәтіндік есептер қарастырылады және оларда берілген деректермен танысқаннан кейін оқушыларға бірқатар сұрақтарға жауап беру ұсынылады.

Мұғалімнің мәтінді есептерді шешуге үйрету бойынша пропедевтикалық жұмысының берілген жүйесі бұл есептердің мақсаты мен құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оқыту пәні ретінде де қарастырылатынын көрсетеді. Бұл математика курсына оның маңызды рөліне сәйкес келеді.

Алгебра элементтерін енгізу сан, арифметикалық амалдар, математикалық қатынастар туралы ұғымдарды жалпылауға көмектеседі [5].

5-6 сыныптарда оқушылар натурал және бөлшек сандармен орындалатын барлық амалдарға, компоненттер мен іс-әрекет нәтижелері арасындағы тәуелділікке бағытталған мәтіндік есептерді шешеді. Бұл есептер мен оларды шығару әдістері маңызды әдістемелік мәнге ие. «Таза арифметикалық» есептерді шығару әдістерін берік меңгеру оқушыларды теңдеулерді құру әдісімен тапсырмаларды саналы түрде шешуге дайындауға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл есеп түрін мектеп математикасы курсының қолданбалы бағытталуына байланысты қарастыруға болады (математикалық моделдеу туралы түсінік пропедевтикасы).

Енді өз зерттеуімізде теңдеулердің көмегімен есептерді шешу кезеңдерін қарастырайық.

Мәтінде есептерді шығару барысында іс-әрекет тандалған шешім әдісіне қарамастан келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1) берілген мәтіндік есептің мазмұнын талдау;
- 2) мәтіндік есепті шығару жолдарын іздеу және оны шешу жоспарын құру;
- 3) есептің шешу жоспарын жүзеге асыру;
- 4) есептің алынған шешімін (жауабын) тексеру.

Мұны нақты мысалдармен түсіндіреміз, аталған кезеңдердің әрқайсысын бөлек бөліп аламыз.

Бөлінген кезеңдер мәтіндік есептерді шешу бойынша оқушы іс әрекетінің жалпы нормасын көрсетеді. Тапсырманы орындаудың нақты процесінде кезеңдердің нақты шектері болмайды және мәтіндік есептерді шешетін оқушылар өздері үшін көзге көрінбейтін кезеңдердің бірінен екіншісіне ауысып отырады, бірақ оларды айқын түрде бөліп бермейді. Сонымен қатар, әрбір жеке алынған мәтіндік есепті шығару кез келген есептің шешілу кезеңдерінен саналы және мақсатты түрде өту арқылы орындалады, яғни неғұрлым табысты ететін барлық көрсетілген кезеңдердің (оларды орындау тәсілдерін жақсы білумен бірге) міндетті түрде қамтылуы, тиіс. Бір кезеңдерді елемей (мысалы, шешу жолдарын іздеу) «сынамалар мен қателер» әдісімен шығаруға әкеледі, ал кезеңдердің басқа пункттерін елемей (мысалы, есептің шешімін тексеру) – арқылы оқушы дұрыс емес жауап алуы мүмкін.

Мәтіндік есептерді шығару процесінің бөлінген кезеңдері мұғалімге оқушылардың берілген есептерді шешу тәсілдерін қалыптастыру бойынша іс-әрекеттерін басқара отырып, жүйелі жұмыс жасауға негіз болып табылады. Әр кезеңнің өзіндік белгілері (бағдарлары) бар, оларды басшылыққа ала отырып, мұғалім оқушыларда мәтіндік есептерді шешуде жалпы іскерлік компоненттерін қалыптастырады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ұсынылған мәтіндік есептерді шығаруға үйрету әдістемесі процестерге бағытталған есептерді, мысалы, квадратқа қарағанда күрделі түрдегі теңдеулерді шешуге бағытталған есептерді орындау барысында тиімді екенін атап өткен жөн.



### **Пайдаланган әдебиеттер тізімі**

- 1 Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі». Алматы «Білім» 1998 ж.
- 2 Матушкина З.П. Приемы обучения учащихся решению математических задач [Электронный ресурс]: учебное пособие. 2003. – 139 с.
- 3 Захарова А.Е. Текстовые задачи в курсе алгебры основной школы. Учебно-методические материалы спецкурса по методике преподавания математики «Избранные вопросы обучения алгебре в основной школе». М.: «Прометей», 2002.
- 4 Жанәділ А.Б. «Математика сабақтарын түрлендіріп өткізу». Бастауыш мектеп №8-9. 1998 ж. 41 б.
5. Баймұқанов Б., Мубараков А. «Математиканы оқытудағы сабақтастық». Бастауыш мектеп №1. 2000 ж. 25 б.

**ГРНТИ 81.93.25**

## **УРОК ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В РАМКАХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ**

**Г.Ж. Мейрамғалиева**

*Учитель физической культуры, школа-гимназия №3, г. Нур-Султан*

**Т.Б. Жусупбеков**

*Учитель физической культуры, школа-гимназия №3, г. Нур-Султан*

В статье рассматриваются вопросы преподавания предмета «Физической культуры» в рамках дистанционного обучения. Особое внимание уделяется вопросам сохранения здоровья школьников. В статье описываются способы организации дистанционного обучения в сложившихся эпидемиологических условиях, которые могут применяться на уроках физической культуры. Также перечисляются комплексы упражнений, для развития двигательной активности и мотивации школьников к систематическим занятиям физическими упражнениями.

**Ключевые слова:** физическая культура; дистанционное обучение; комплексы упражнений; задачи предмета; цели предмета.

«Чтобы сделать ребенка умным и рассудительным, сделайте его крепким и здоровым» – Ж.Ж. Руссо.

Физическая культура играет большую роль в воспитании личности. Она способствует физическому развитию обучающихся, а также развитию социальных, личностных и духовных качеств. Предмет «Физическая культура» направлен на пропаганду здорового образа жизни среди обучающихся.

Целью предмета является повышение мотивации школьников в укреплении физического и психического здоровья с учетом возрастных и индивидуальных особенностей, также приобретение обучающимися спортивно-специфических двигательных навыков и развитие физических способностей.

На сегодняшний день, пандемия COVID-19 оказывает беспрецедентное воздействие на системы образования многих стран мира, в том числе с нашей стране [1]. В этой связи особую актуальность приобретает вопрос сохранения здоровья школьников в условиях дистанционного обучения, когда школьники большую часть времени вынуждены проводить перед мониторами своих компьютеров для освоения учебного материала и выполнения заданий. Снижение двигательной активности приводят к ухудшению снабжения мозга учащих кислородом, замедлению процессов восстановления, снижению работоспособности. Это может стать причиной многих заболеваний.

Специфика каждого предмета разнообразна, но общий принцип, один – создание условий для практического владения знаниями и применениями их в повседневной жизни. Применяя этот принцип к уроку физической культуры, можно отметить, что задача учителя, выбрать такие методы обучения, которые позволят каждому ученику проявить свою активность, творчество, активизировать двигательную и познавательную деятельность учащегося.

